



Бекітемін:
Мектеп директоры: Жаниева Г.Т.

01.09.2022ж.

Келісемін:
Оқу ісінің менгерушісі
Алиманов А.Ж.
Шоқаева А.Т.
01.09.2022ж.

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің қазақ тілі
іс-әрекетінің циклограммасы
2022-2023 оқу жылы
«Айналайын» тобы**

Тәрбиелеу –білім беру процесінің қазақ тілі іс-әрекетінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Өлеңті ауылының ЖОББМ»КММ-нің шағын орталығы

Топ: «Айналайын»ересек тобы

Балалардың жасы: 4 жас.

Жоспардың құрылу кезеңі: 2023-2024 оқу жылы.

Қыркүйек		
Міндеті	Балаларды өз бетінше сөйлеуге үйрету; түрлі балалар әрекетінде балалардың бір-бірімен сөйлесуіне жағдай жасау; әрбір баланың қызығушылығына мән беру, сұрақтарына жауап беру, жеке сөйлесу; дидактикалық және дамытушы ойындарды, жаттығуларды қолдану арқылы сөздік қорды байыту; қарым-қатынас мәдениетіне, көркем қабылдау мен эстетикалық талғамға тәрбиелеу;	
ҰІӘ тақырыбы:	Балабақша	
Күні:	Дүйсенбі 04.09.2023	
ҰІӘ-нің мақсаты:	Өз балабақшасы туралы әңгімелету. Сөйлеу, есте сақтау қабілеттерін дамыту.	
Күтілетін нәтиже:	берілген сұрақтарды түсінеді және тыңдайды, оларға жауап береді; Сөздер мен фразалардағы дыбыстарды дұрыс дыбыстайды. Ойындар арқылы балабақша қызметкерлері туралы түсінеді.	
Сөздік жұмыс:	Көпшілік балалар, диалогпен сөйлеседі, әдептілік сөздерін біледі. Кейбір балалармен жеке жұмыс жасалу керек. Пікір алмасу сұрақтары Біздің балабақша қалай аталады? Біздің топтың атауы қандай? Тәрбиеші апайлардың аты кім?	
Өткен ҰІӘ-нен алған білім	Қайталау сұрақтар арқылы өткенді естеріне түсіру.	
ҰІӘ өтілу барысы		
	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату II. Ұйымдастыру	I. Шаттық шеңбері. Е. Өтетілеуов. «Бала, бала, баламыз» Бала, бала, баламыз Бақшамызға барамыз Күні бойы қызыққа Батамыз да қаламыз	
ҰІӘ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс	I.2. Таңғажайып сәт. - Есік қағылып түрлі – түсті қорапшалар келеді. (Тәрбиешінің ұйымдастыруы бойынша)	балабақшаның және балабақша

- **Таңғалу**
-**Бұл қорапшаны кім жіберген?**
-**Бетіндегі хатты оқу. Білім ханшайымынан келген.**
Құрметті менің балақайларым сендердің балабақша туралы білімдеріңді тексергім келеді.
Сондықтан сендерге мына қорапшаны жібердім. Бұл қорапша жай қорапша емес, сиқырлы қорапша
Әр қорапшаны ашу үшін берілген жұмбақтарды шешу керек.
-Балаларды топқа бөлу.
1.3. Қызығушылықты ояту. Әр қораптың жұмбағын жасыру.
1 - топ. Ақ қорапша
Сауықтырар сырқатты,
Жылы үнмен тіл қатты. (Дәрігер)
Қораптан заттар шығады.
Дид ойын : «Дәрігер заттарын жина» сипатама беру.
1.1. Ой қозғау.
Сұрақ- жауап өлең жолдарымен. Барлық балаларға ортақ
Іш ауырса, тіс ауырса,
Маған дәрі береді.
Барлық ана, барлық бала,
Оны жақсы көреді.
- **Балалар, айтыңдаршы, тақпағымыз кім туралы?**
2 - топ. Қызыл қорапша
Қалпағы ақ қарасаң,
Дәрігер емес, бірақ ол.
Дәм мәзірін қаласаң,
Алға ұсынып тұрады ол. (Аспаз)
2.1.Шығармашылық жұмыс.
Қораптан шыққан аспаз заттарын бояу
Дидактикалық ойын : «Атын ата»
Бояған аспаз заттарын атау.
Тақпақ . «Аспаз» Барлық бала бірге айту керек
Жасайтын түрлі тағамдар,
Аспазшы жақсы адамдар
Ботқа, көже, тоқашты
Бізге үнемі береді.
Дәмді етіп пісіріп.

қызметкерлерінің суреті,

	<p>3 – топ. Жасыл қорапша Шәкіртке жанашыр, Мейірман кім, жаны асыл. (ұстаз)</p> <p>3.1 Ой қозғау Суретпен жұмыс -Суретте кімді көріп тұрсыңдар -Тәрбиеші сендерге не үйретеді? – ойнатады, ертегі тыңдаймыз. – Жаттығу жасаймыз, ән айтамыз.</p> <p>3.2. Ой дамыту . Балабақша туралы әңгіме жүргізу. – Балабақша дегеніміз не? балаларды тәрбиелейтін орын. – Сонымен балабақшада кімдер қызмет етеді екен? -Тағы кімдер жұмыс жасайды? – Өз балабақшаларыңды жақсы көресіңдер ме? «Сиқырлы сылдырмақ» балаларды шеңберге жинау Сұрақ-жауап</p>	
<p>IV. ҰТӨ-нің қорытындысы. Рефлексия</p>	<p>Қортынды. Балабақша базарлы үй, Ауылдағы ажарлы үй Шаттығы мол шуақты Өз үйіміз сияқты. Сұрақ-жауап Балаларды мадақтау.</p>	

ҰІӨ тақырыбы:	Менің достарым	
Күні:	Дүйсенбі 11.09.2023.	
ҰІӨ-нің мақсаты:	Балаларды бір-бірімен тату болуға, мейрімді болуға үйрету. Дамытушы ойындар арқылы әртүрлі тапсырмаларды орындай отырып, сөздік қорларын молайту, ой-өрісін дамыту.	
Күтілетін нәтиже:	Достық туралы түсініктерді меңгереді, қойылған сұрақтарға жауап береді. Кейбір балалар жеке жұмысты қажет етеді.	
Сөздік жұмыс:	Менің достарым- мои друзья, дос –друг. Пікір алмасу сұрақтары Балалар, үлгілі деп қандай баланы айтамыз? – Біздің арамызда үлгілі, достарын сыйлайтын бала бар ма? – Кімнің үлгілі бала болғысы келеді? – Ол үшін не істеу керек?	
Өткен ҰІӨ-нен алған білім	Балабақша туралы сұрақтарға көпшілік балалар жауап береді.	
ҰІӨ өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату II. Ұйымдастыру	I. Көңілді шеңбер. «Балдырған баламыз» Е.Өтетілеуов Балдырған баламыз, Досты көп табамыз Қашан да, қайда да Сенімді баламыз I.I. Ой дамыту. «Достық неден басталады, достыққа не жараасады?» Достар қандай болу керек? Мейрімді, ақылды, қамқор, бірлікте. Ендеше соны іспен көрсетейік	
ҰІӨ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс	I.2. Қызығушылықты ояту. Балаларды топқа бөлу, дамытушы ойындар. Достық үйін құрастыру. 1-топ Мейрімділік үйі. М.Монтессори технологиясы бойынша үй құрастыру. Сипаттама беру. Әр бала айту. Біздің үйіміз мейрімділік үйі деп аталады. Біз бір-бірімізге мейрімдіміз. Біз достарымызды қиындыққа тастамаймыз. Мейрімділік үйі көңілді болады. Дос деп ең жақын адамды айтамыз.	Достық туралы суреттер, ойындарға арналған көрнекі құралдар

	<p>2 – топ. Ақылдылар үйі. Дьенеш блоктары арқылы үй құрастыру. Біз ақылды балалармыз Бір –бірімізді ренжітпейміз Бәрін ақылмен жасаймыз Осы үйді де ақылмен, ойласып жасадық</p> <p>3 – топ. Қамқоршылар үйі Таяқшамен үй жасау. Сипаттама. Біз қамқор балалармыз. Достарымызға көмектесуге дайынбыз. Достарымызбен барлығын бөлісеміз Достарымызға жақсылық жасаймыз</p> <p>4 – топ. Бірлік үй. «Пазл» арқылы үй құрастыру Біз бір-бірімізді тыңдаймыз Біздер ренжисуді білмейміз Біз ештеңе қызғанбаймыз Достарымызды сыйлаймыз</p> <p>II. Ой қозғау. Сылдырмақ үні. Шеңберге шақыру Балалар достық әлемінде қандай құнды қасиеттермен таныстық? - Дос көмекші, дос қамқоршы - Достықадамдар арасында болады.</p>	
<p>IV. ҰІӨ-нің қорытындысы. Рефлексия</p>	<p>Бекіту кезеңі: М. Жаманбалинов Дос болып біз жүрейік, Ойнайық та күлейік. Достық деген тамаша Міне, тұрмыз жараса. Балаларды мадақтау</p>	

ҰІӨ тақырыбы:	Біздің ойыншықтар	
Күні:	Дүйсенбі 18.09.2023	
ҰІӨ-нің мақсаты:	Балалардың ойыншықтар туралы түсініктерін молайту. Олардың жасалу жолдарын түсіндіру. Ойыншықтарды сипаттау арқылы баланың сөздік қорын дамыту. Ойыншықпен ұқыпты ойнауға және күтіп ұстауға тәрбиелеу.	
Күтілетін нәтиже:	ойыншықты сипаттауды, ойыншық туралы түсінікті біледі.	
Сөздік жұмыс:	Рензиа, пласмасса, ағаш	
Өткен ҰІӨ-нен алған білім	Көпшілік балалар достық туралы қазақша сұрақтарға жауап береді.	
ҰІӨ өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату II. Ұйымдастыру	I. Сылдырмақ үні. Шеңберге шақыру. «Әдемі жүрекшелер»(қызыл қағаздан қиылған) Бір-бірімізге жүрек жылуымызды сыйлаймыз II. Қызығушылықты ояту. Шеңберде. Өлең оқу. «Ойыншықтар» Н. Әлімқұлов. Біздерде бар қуыршақ, Бұзау қозы құлыншақ Ойыншықтар тыңдайды, Емес олар ұрыншақ. Қуыршақтар ұйықтайды, Айтқанымнан шықпайды Бұзау, қозы, құлыншақ, Маған қабақ шытпайды. Сұрақ - жауап Өлең не туралы айтылған?	
ҰІӨ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс	I.2. Ой қозғау. Суретпен жұмыс. -Қандай ойыншықтар көріп тұрсыңдар? -Ойыншықтар неден жасалады? -Неден жасалған ойыншықтар қатты болады? -Қандай ойыншықтар жұмсақ болады? Неліктен? 2. Ой дамыту бағыты. Топқа бөлу. 1-топ. Дьенеш блоктарымен жұмыс. Дид ойын: «Кім жылда?» Ойыншықтар құрастыру.	ойыншықтар, үлестірмелі материалдар көрнекіліктер

	<p>2-топ. Миға шабул Сұрақ- жауап. Ойыншықтар неден жасалады? Қандай ойыншықтар тез сынады? Қандай ойыншықтар ауыр болады? Қандай ойыншықтар жеңіл болады? 3- топ. Шығармашылық топ. Дидактикалық ойын: «Қандай түс?» Берілген ойыншықтарды бояу. 4-топ. Мнемотехникамен жұмыс. -Мнемокесте арқылы ойыншықтарға сипаттама беру.</p>	
<p>IV. ҰТӨ-нің қорытындысы. Рефлексия</p>	<p>Қортынды. «Бірлік шеңбері» Қ. Мырзалиев. «Ойыншықтар» Іші толған бөлменің, Ойыншығым мол менің. Босқа тізіп қоймайық, Келе ғой, дос ойнайық. Сұрақ-жауап. Ойыншықтар не үшін керек екен? Ойыншықтармен қалай ойнау керек? Балаларды мадақтау.</p>	

ҰІӘ тақырыбы:	Үй жиһаздары. (байланыстырып сөйлеу)	
Күні:	25.09.2023	
ҰІӘ-нің мақсаты:	Тұрмыстық заттардың қолданылу маңыздылығын түсіну дағдыларын қалыптастыру.	
Күтілетін нәтиже:	Жиһаздар туралы түсініп ойындарды орындау барысында жиһаздардың орнын анықтай алады.	
Сөздік жұмыс:	Жиһаз	
Өткен ҰІӘ-нен алған білім	Өткен ҰІӘ өойылған сұрақтарға педагогтың көмегімен жауап бере алады.	
ҰІӘ өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату II. Ұйымдастыру	Шаттық шеңбері: Біздің топта ұл-қыздар, Тату-тәтті ойнаймыз. Әлемдегі бар адамға, Тек жақсылық тілейміз. Педагог: Мен бүгін балабақшаға келе жатып сандық тауып алдым. Бұл сандықта бірдеме бар секілді. Сандық құлыптаулы тұр. Жұмбақтың шешуін тапсаңдар ашылады делінген	
ҰІӘ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс	II. Миға шабул. Жұмбақ жасыру. Киім іліп қойғанға Шкаф қажет әрине, Тамақтарды қоятын, Үстел керек әрине, Үстелге кеп отыратын, Орындық қажет әрине. Бір сөзбен ата оларды. (Жиһаздар) Музыка әуенімен сандық ашылады. Сандықтың ішінен ойыншық жиһаздар шығады. III. Тосын сәт. Қонжықтың келуді. Амандасу. Қонжық: бөлмелеріме жиһазадар іздеп жүрмін. Сендерден көмек сұрап келдім. Қонжыққа көмек. Сиқырлы сандықтан шыққан жиһаздарды қонжыққа беру үшін ,түсіндіріп бөліп беру. Сергіту сәті. 1 дегенде тұрайық, 2, 3, 4 – алақанды соғайық, Оң жаққа бұрылып, Сол жаққа бұрылып, Бір отырып, бір тұрып, Біз жүгіріп алайық. Пішіндер арқылы топқа бөлу. 1-топ Дөңгелектер	Жиһаздар суреттері

	<p>2- топ Үшбұрыштар Әр топқа тапсырма беру.</p> <p>1-топ Дөңгелектер 1-тапсырма. Сұрақтарға жауап береді. -Ас бөлмеге қандай жиһаздар керек.(Үстел, орындық, ыдыс сәресі) -Жатын бөлмеге қандай жиһаздар керек.(шкаф, төсек, т/б) -Қонақ бөлмеге ше?(Теледидар, диван, кресло) 2-тапсырма. Ойын: «суретті жинап ал». Тобымызда бар жиһаздар суреттерін жинайды.</p> <p>2- топ Үшбұрыштар 1-тапсырма. «Көлеңкесін тап» Шарты: берілген жиһаздардың көлеңкесін тауып орналастыру және оны атау. 2- тапсырма Ойын: «Не жетпейді?» Шарты: Жиһаздардың жетпейтін бөліктерін сызықтар арқылы өосу. Қонжық балалармен қоштасады. Рақмет балалар.</p> <p style="text-align: center;">Топтық жұмыс</p> <p>«Жиһаз атауына сөйлем құрайық» АКТ технологиясы. Слайд Жиһаздар Балалар суретке қарап әгімелейді.</p>	
<p>IV. ҰТӨ-нің қорытындысы. Рефлексия</p>	<p>Сұрақ –жауап Не қонаққа келді? Жиһаздарды атаңдаршы? Жиһаз бізге не үшін керек? Жиһазды бүлдіруге бола ма? Жұлдызша беру арқылы балаларды мадақтау.</p>	

Қазан		
Міндеті	<i>Ойлау, зейін қойып тыңдау секілді қабілеттерін дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Есту және мәтіннен таныс сөздерді таба білу қабілеттерін дамыту.</i>	
ҰІӨ тақырыбы:	<i>Менің мейірімді отбасым.</i>	
Күні:	<i>Дүйсенбі 02.10.2023</i>	
ҰІӨ-нің мақсаты:	<i>Отбасы сүйіспеншілігі сыйластығы туралы түсінік қалыптас тыру.Отбасындағы өзара сыйластық қарым -қатынас дағдыларын дамыту.</i>	
Күтілетін нәтиже:	<i>отбасы мүшелерінің алатын орнын, оларды атауды біледі. отбасы мүшелеріне қамқорлық жасау қажеттігін түсінеді.</i>	
Сөздік жұмыс:	<i>Отбасы - семья</i>	
Өткен ҰІӨ-нен алған білім	<i>Сұрақ-жауап арқылы өткен ҰІӨ бекіту</i>	
ҰІӨ өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату II. Ұйымдастыру	Қызығушылықтарын ояту. Үнтаспадан «жарығым», «ботам», «құлыным», «күнім» деген сияқты жылы сөздер тыңдату. Ашық сұрақтар <i>Балалар, қалай ойлайсыңдар осындай жылы сөздерді сендерге кімдер айтады?</i> <i>-Ал осы адамдарды бір сөзбен кімдер деп айтамыз?</i> <i>Балаларды мадақтау.</i>	
ҰІӨ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс	Миға шабул әдісі. Жұмбақ жасыру. <i>-Қазір мен сендерге жұмбақ жасырамын, ал сендер кім туралы айтылғанын табыңдар.</i> <i>1.Ол өте мейірімді, ақ шашты, көзінің айналасында ұсақ әжімдері бар, сендерге жылы қолғап тоқиды, ұйықтар алдында ән немесе ертегі айтып береді. Бұл кім?</i> <i>- Оны қалай білдіңдер?</i> <i>- Ал сендердің әжелерің қандай?</i> Сиқырлы микрофон. <i>2.Ол көзілдірік киеді, көп кітаптар оқиды, көптеген қызықты тарихи оқиғаларды біледі. Ол әжеге көмектеседі, зейнетақы алады, немерелеріне қарайласады.</i> <i>- Кім бұл?</i> <i>- Ал сендердің аталарың қандай?</i> Сиқырлы микрофон. Сергіту сәті <i>Иіліп оңға бір, иіліп солға бір,</i> <i>Жаттығу жасаймын.</i> <i>Оң аяқ, сол аяқ, оң аяқ, сол аяқ,</i>	<i>Отбасы суреттері</i>

	<p><i>Жаттығу оңай-ақ.</i> <i>3.Оны жер бетіндегі ең бірінші, ең әдемі сөзбен атайды. Ол сен үшін ең қымбат адам.Сендер ауырсаңдар түн ұйқысын төрт бөлетін адам</i> <i>-Бұл жұмбақ кім туралы?</i> Сиқырлы микрофон. <i>-Сендер өздеріңнің аналарыңды қандай мейірімді сөзбен атайсыңдар?</i> <i>-Аналарың сендерді қалай еркелетеді?</i> <i>- Және соңғы жұмбақ..</i> <i>Ол салмақты да, байсалды, барлық бос уақытын сендермен өткізеді: сендерді циркке апарады, демалыс кезінде барлық отбасын табиғатқа алып шығады.</i> <i>-Бұл кім?</i> Сиқырлы микрофон. <i>Балаларды мадақтау.</i> Дидактикалық ойын: «Менің отбасым» <i>Балалар доп арқылы отасындағы адамдарды айтады.</i></p>	
<p>IV. ҰІӨ-нің қорытындысы. Рефлексия</p>	<p>Қорытынды <i>Балалар, біз бүгін кімдер туралы білдік?</i> <i>Сонда отбасы деген не?</i> <i>Балаларды мадақтау.</i></p>	

ҰІӘ тақырыбы:		Көшеде өзін ұстау.
Күні:		Дүйсенбі 09.10.2023
ҰІӘ-нің мақсаты:	Көшеде өзін дұрыс ұстау ережелері туралы білімдерін қалыптастыру. Қоршаған орта туралы түсініктерін кеңейту. Қауіпсіздік ережелерін сақтай білуге тәрбиелеу.	
Күтілетін нәтиже:	Көліктер, бағдаршам туралы түсініктерді игереді. Сұрақтарға жауап береді.	
Сөздік жұмыс:	Бағдаршам	
Өткен ҰІӘ-нен алған білім	Өткен ҰІӘ алған білімдерін сұрақ-жауап арқылы бекіту.	
ҰІӘ өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату II. Ұйымдастыру	<p>Шаттық шеңбер. Асапан ашық, көгілдір Күн шуағын төгіп тұр! Қол ұстасқан біздерді, Тереземнен көріп тұр. Миға шабул .Жұмбақ жасыру. Сөйледі ол білмейді. Бірақ тоқта жүр дейді. Бұл не екен балалар? Балалардың жауаптары. -Балалар, қалай ойлайсыңдар, бағдаршам не үшін керек? -Бағдаршамның неше көзі бар? Қандай? -Бағдаршамның көздеріні қызметін айтып беріңізші. Қандай көзі жанғанда тоқтаймыз? Жарайсыңдар, балалар, бағдаршам туралы туралы біледі екенсіңдер, енді жол белгілері туралы әңгімелесеміз.</p>	
ҰІӘ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс	<p>Ой дамыту. Суретпен жұмыс. Көліктер қайда жүр? Жолда қалай жүру керек? Жаяу адамдардың өтетін жолындағы сызықты не дейді? - Бағдаршам жоқ көшеден қалай өтеміз? -Енді мына белгілерге қараңдаршы, мынау ненің суреті? -Егер телефонның суреті салынған белгі тұрса ол нені білдіреді? -Мынау медициналық көмек пунктінің белгісі. Автобустың суреті салынған белгіні көрсендер, ол «автобус тоқтайтын аялдама бар» дегенді білдіреді екен. Балаларға жол белгілері, жол қиылысы, көлік жолы, жаяу жүргіншілер жолы туралы ақпарат беру Бағдаршам ойыны: Ойын: «Сақ бол!» жағады. (қозғалмай тұру) Сары көзін жағады. (қол шапалақтау)</p>	Бағдаршам, көліктер суреттері
	Қызыл көзін	

	<p><i>Жасыл көзін жағады. (бір орында тұрып жүру).</i> <i>Балалар ойынды қызыға ойнайды.</i> Ой қозғау. Сұрақ- жауап алу. <i>Үлкен жолда доп ойнауға, велосипедпен көшеде жүруге бола ма?</i> <i>-Келе жатқан көліктің алдынан өтуге бола ма?</i> <i>Балалардың жауаптары.</i> Сергіту сәті. Мәшине жүргізу. Балаларды пішіндер арқылы екі орталыққа бөлеу <i>1- орталықтағы балаларға өздеріне бұрыннан таныс бағдаршамның суретін салуды тапсыру.</i> <i>2- орталықтағы балаларға бірнеше бөлікке бөлінген сурет қиындыларынан жол белгілерін құрастыруы тапсыру.</i> <i>Балаларға тапсырманы түсіндіреді.</i> <i>Балаларды мадақтау.</i></p>	
<p>IV. ҰІӨ-нің қорытындысы. Рефлексия</p>	<p><i>Бес саусақ әдісі арқылы сабақты қортындылау.</i></p>	

ҰІӘ тақырыбы:	«Бағдаршам» өлеңі. С.Дүкенбай.	
Күні:	Дүйсенбі 16.10.2023	
ҰІӘ-нің мақсаты:	Өлеңді түсініп, есте сақтауға жүйелілігін сақтауға үйрету. Сөйлеу тілін дамыту. Байқампаздыққа тәрбиелеу.	
Күтілетін нәтиже:	Өлең жолдарын жаттауға үйренеді. Педагогпен қосылып айта біледі	
Сөздік жұмыс:	Сөздік жұмыс: көше, жол, жүреді, бағдаршам	
Өткен ҰІӘ-нен алған білім	Өткен ҰІӘ қойылған сұрақтарға жауап бере алады.	
ҰІӘ өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату II. Ұйымдастыру	Ұйымдастыру кезеңі Шаттық шеңбері. Біз қандаймыз, қандаймыз, Шұғылалы таңдаймыз! Күлімдеген күндейміз! Еш уайымды білмейміз. Балалар қазір жылдың қай мезгілі? Күз мезгілі неше айдан тұрады? - Қазір қай ай? Балалардың жауаптары.	Тақырыпқа байланысты көрнекіліктер
ҰІӘ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс	Ой қозғау. Балалар сендер қалай ойлайсыңдар көшеде жүру тәртібін не басқарады? Суретпен жұмыс. Балалар қараңдаршы бағдаршамның неше көзі бар? Ал, түстері қандай? Қызыл, сары, жасыл түстер нені білдіреді? Ал, балалар сендер жиек жол деген не екенін білесіңдер ме? Ол не үшін қажет? Балалардың жауаптары Ой дамыту «Бағдаршам» С.Дүкенбай. Бағдаршам біледі, Бәрін де көреді. Адам да, көлік те, Сол шаммен жүреді. Бағдаршам, бағдаршам. Сергіту сәті:	

	<p>Орнымыздан тұрайық, Алақанды ұрайық. Оңға бір, солға бір, Бір отырып, бір тұрып. Бойымызды жазайық. «Бағдаршам» ойыны: Ойынның шарты: бағдаршамның қызыл көзі жанғанда балалар түп-түзу тұрады, сары көзі жанғанда қол шапалақтайды, жасыл көзі жанғанда билейді.</p>	
<p>IV. ҰІӨ-нің қорытындысы. Рефлексия</p>	<p>Сұрақтар ілмегі Балаларды мадақтау</p>	

ҰІӨ тақырыбы:	Алтын күз	
Күні:	Дүйсенбі 23.10.2023	
ҰІӨ-нің мақсаты:	Күз туралы білімдерін дамыту. Күз туралы тақпақтар айта отырып баланың сөйлеу тілін дамыту.	
Күтілетін нәтиже:	Күз мезгілі туралы қойған сұрақтарға жауап бере біледі Күз мезгілінің ерекшеліктерін педагогтың көмегімен айта біледі.	
Сөздік жұмыс:	Күз Сары жапырақ Жапырақ, сары, түсіп жатыр.	
Өткен ҰІӨ-нен алған білім	ҰІӨ өтілген сұрақтарға біртіндеп жауап бере алады.	
ҰІӨ өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату II. Ұйымдастыру	Көңілді шеңбер Алақан-ау, алақан Біз мейрімді балақан Қызығушылықты ояту. Өлең оқу. Бүркіт Жақыпов. «Күзде» Алма пісті, Алмұрт пісті, Алиа пісті, Жерге түсті. Қияр пісті, Қарбыз пісті, Қауын пісті, Қандай күшті! Жидектердің татып дәмін, Жемістердің жейміз бәрін. Сұрақ – жауап.	Тақырыпқа байланысты көрнекіліктер
ҰІӨ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс	Ой қозғау Осы жемістер, көкөністер қай мезгілде піседі? Сонымен өлеңде қай мезгіл туралы айтылған? III. Ой дамыту. Топтық жұмыс. Жапырақтармен топқа бөлу. Жасыл жапырақ Сары жапырақ, Қызыл жапырақ Күзгі ағаш 3.1. Жасыл жапырақтар тобы. Күздің ерекшеліктерін тауып бер.	

	<p>-Суретте күз мезгіліне байланысты ерекшелік-терді тауып ,сызық арқылы қосу. Өз ойын айту.</p> <p>3.2.Сары жапырақтар тобы. Мнемотехника әдісі. Күз мезгілін сипаттау. Қойылған графикалық суретке өз ойын айта білу.</p> <p>3.3. Қызыл жапырақтар. Таным саласын кіріктіру. дидактикалық материалдармен жұмыс жапырақтарды санау, салыстыру.</p> <p>3.4. Күзгі ағаш тобы. Күз мезгіліндегі еңбек. Суретпен жұмыс. -Адамдар күзде қандай жұмыстар атқарады? Неліктен күз береке дейміз?</p>	
<p>IV. ҰІӨ-нің қорытындысы. Рефлексия</p>	<p>Сиқырлы сылдырмақ Балаларды шеңберге жинау. Ойын: Оралмалы жіп. Міндеті: Балаларға күз мезгілі туралы алған білімдерін домалақ жіпті жинау арқылы тиянақтау. Балаларды мадақтау.</p>	

Қазан		
ҰІӨ тақырыбы:	Мен қандаймын?	
Күні:	Дүйсенбі 30.10.2023	
ҰІӨ-нің мақсаты:	Сурет бойынша әңгіме құрастыруға үйрету.	
Күтілетін нәтиже:	Денсаулық, шынығу, сақтану туралы түсініктерді меңгереді. Педагогтың көмегімен өз ойын айта алады.	
Сөздік жұмыс:	Сөздік жұмыс: Шынығу, құлақ, көз, аяқ, дене мүшелер	
Өткен ҰІӨ-нен алған білім	Педагогтың көмегімен өткен сабақтарды есіне түсіріп айта алады.	
ҰІӨ өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату II. Ұйымдастыру	Ұйымдастыру кезеңі. Шаттық шеңбері Бақшамызға барғанда, Жолыққан бар жандарға, «Қайырлы таң!»- деймін мен. Күндіз де елді елеймін: «Қайырлы күн!»- тілеймін.	Тақырыпқа байланысты көрнекіліктер
ҰІӨ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс	Ой қозғау. Балалар қазір жылдың қай мезгілі? Күз мезгілінде ауа райында қандай өзгерістер болады? Тақтадағы суретпен жұмыс Балалар бұл суретте не көріп тұрмыз?(Дене мүшелерін) Сұрақ –жауап Өлең оқу «Не үшін керек» Екі құлақ не үшін керек? Жақсы сөзді есту үшін. Екі көзін не үшін керек? Жақсыларды көру үшін. Екі қолын не үшін керек? Еңбек ету үшін керек? Еңбек ету үшін керек Екі аяқ не үшін керек? Отаңына қызмет ету үшін керек. Ой қозғау. Сұрақтар қою. Құлақ не үшін керек екен? Көз не үшін керек?	

	<p>Қол не үшін керек? Аяқ не үшін керек? Ойын «Өз досыңды таны» Балалар досының шашыңның түсі, көзі, мұрын пішіні, бойы, түсі жағынынан айырмашылықтарын бар екенін айтады. Сергіту сәті: Біз кішкентай баламыз Өсіп, өніп толамыз Күнге қарап табынып Көкке қолды созамыз Дидактикалық ойын: «Адам денесін құрастыр.» (бас, мойын, кеуде, оң аяқ және сол аяқ) . алдарыңызда тұрған тарелкадан адам денесінің бөліктерін алып, құрастыру керек. Мадақтау.</p>	
<p>IV. ҰІӨ-нің қорытындысы. Рефлексия</p>	<p>«Не жалғыз, не екеу» ойынымен аяқтау. Балаларды мадақтау.</p>	

Қараша		
Міндеті:	Қоршаған ортадағы заттар мен өсімдіктердің, жануарлардың, құстардың, табиғат құбылыстарының, тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру. Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу. Шығарманы жеткізуде оның мазмұны мен сипатына сәйкес түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, мәнерлеп айтуға баулу.	
ҰІӨ тақырыбы:	«Дұрыс тамақтану. Дәрумендер»	
Күні:	Дүйсенбі 06.11.2023	
ҰІӨ-нің мақсаты:	Дәрумендердің адам ағзасына тигізер пайдасы жайлы айту. Балалардың сөйлеу тілін заттардың қасиеті мен сапасын білдіретін сөздермен байыту.	
Күтілетін нәтиже:	Дәрумендер олардың пайдасы туралы айта алады.	
Сөздік жұмыс:	дәрумен, жеміс, көкөніс, пайдалы	
Өткен ҰІӨ-нен алған білім	Өткен тақырыпты сқрақ –жауап арқылы бекіту.	
ҰІӨ өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату II. Ұйымдастыру	Ұйымдастыру кезеңі. Шаттық шеңбер. Денсаулық — ол күлуің, Көңіл — күйің жадырай, Денсаулық — ол жүруің, Ешбір жерің ауырмай. Балалар қазір жылдың қай мезгілі? Күз мезгілі неше ай болады? Күз мезгілінде қандай ерекшеліктер болады? Күз мезгілінде ауа –райы қандай ? Ал, бүгін күн қандай? Жарайсыңдар.	Тақырыпқа байланысты көрнекіліктер
ҰІӨ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс	Қызығушылықтарын ояту. Сиқырлы сандық көрсету. Кәне бәріміз ашып көрейікші.Ой ашылмайды ғой ? Жұмбақ шешіп көріңдер. Сол кезде сандық ашылар. Бұйра шашы желменен ойнап тұрады, Қызыл мұрны жерге бойлап тұрады. (Сәбіз). Қалың киімді ұнатады, Шешіндірсең жылатады. (Пияз). Аласа талда алуан алма,	

	<p>Ал қызыл болмай аузыңа салма (Қызанақ).</p> <p>Сырты тәтті, іші тәтті</p> <p>Ортасы сүйек қатты (өрік)</p> <p>Сандық ішінен жемістер мен көкөністерді көрсету.</p> <p>Назарларын бейне тақтаға аудару.</p> <p>Ой қозғау.</p> <p>Сұрақтар қою.</p> <p>Сергіту сәті:</p> <p>Саусақтарға қараңдар, Бұл кішкентай балалар. Көңілденіп күледі Жаттығуды енді сен, Бірге жаса менімен. Аман, сау боп ағзамыз, Түзу болды арқамыз. Досымызға қарайық, Күлімсіреп алайық.</p> <p>Ой дамыту.</p> <p>Жемістер мен көкөністерде көптеген дәрумендер бар. Олардың біздің деңсаулығымызға пайдасы өте көп.</p> <p>Дидактикалық ойын « Көкөністер мен жемістерді ажырат»</p> <p>Бірнеше суреттер тастап оның ішінен көкөністер мен жемістерді тауып көрсету.</p>	
<p>IV. ҰІӨ-нің қорытындысы.</p> <p>Рефлексия</p>	<p>«Қайда өседі?» ойыны арқылы қорытындылау.</p> <p>Балаларды мадақтау.</p>	

ҰІӨ тақырыбы:	«Өзіңе және өзгелерге көмектес»	
Күні:	Дүйсенбі 13.11.2023	
ҰІӨ-нің мақсаты:	Балаларды адамгершілікке тәрбиелей отырып, басқаларға да көмектесу игі іс екенін түсіндіру. Негізгі ойды дұрыс жеткізе білуге дағдыландыру	
Күтілетін нәтиже:	Бір-біріне көмектесу, сыйластық туралы мағынаны түсінеді. Ойын арқылы көмектесу сөзінің мағынасын түсінеді	
Сөздік жұмыс:	Көмек, түсіну, қиындық	
Өткен ҰІӨ-нен алған білім	Педагогтың көмегімен қойылған сұрақтарды жалғау арқылы өткен ҰІӨ өз ойын айта алады.	
ҰІӨ өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату II. Ұйымдастыру	Ұйымдастыру кезеңі: Шаттық шеңбері. Дос болайық, бәріміз, Жарасып тұр әніміз, Тыныштықты сақтаймыз, Атсын күліп таңымыз. (Х.Талғаров) Балалар қазір жылдың қай мезгілі? Күз мезгілінде неше ай бар? Мадақтау.	Тақырыпқа байланысты көрнекіліктер
ҰІӨ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс	Әңгімелесу. «Көмектесу», «көмек» дегенде нені түсінесіңдер? Сендер кімге, қандай жағдайда көмек көрсеттіңдер? Біреуге көмек көрсеткен кезде өздеріңді қалай сезіндіңдер? «Көмекшілер» әңгімесін оқу. Ой қозғау. Балалар, ас ішерде дастарқанды кім дайындайды? -Сендер қайтіп көмектесесіңдер? -Балалар, мына бала нені үстелге қояды ұмытып кетті? -Сендер топта кезекшілік міндеттеріңді атқарасыңдар ма? -Қалай көмектесесіңдер? Сергімі сәті: Орнымыздан тұрамыз, Қолды белге қоямыз	

	<p>Бұрыламыз оңға бір, Бұрыламыз соға бір. Гүл-гүл жайнап жанамыз. Жаттығулар жасасақ, Жақсы сергіп қаламыз. Ойын: «Көмектесе білейік» Шарты: Бала қолындағы жүректі бір-біріне өзінің беретін көмегі туралы айтады.</p>	
<p>IV. ҰІӨ-нің қорытындысы. Рефлексия</p>	<p>Сұрақтар ілмегі арқылы қорытындылау. 3 шапалақ әдісі арқылы қорытындылау.</p>	

ҰІӨ тақырыбы:	Кім күшті? ертегісі	
Күні:	Дүйсенбі 20.11.2023	
ҰІӨ-нің мақсаты:	Балаларды сұраққа толық жауап беруге, шығармадағы негізгі ойды таба білуге үйрету.	
Күтілетін нәтиже:	Күштілік , ептілік , батырлық туралы түсінеді. Қойылған сұрақтарға педагогтың түсіндіруімен жауап бере алады.	
Сөздік жұмыс:	күшті, кейіпкер, ертегі	
Өткен ҰІӨ-нен алған білім	Сұрақ –жауап әдісі	
ҰІӨ өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату II. Ұйымдастыру	<p>Ұйымдастыру кезеңі: Шаттық шеңбері. Бақшамызға барамыз, Досымызды табамыз. Сәлемет пе, міне мен Досын енді сенімен. Қызығушылықтарын ояту. Балалар мен ертегі кейіпкерлерінен хат алдым. Келіндер дөңгелене отырындар, мен сеңдерге хатты оқып беремін. «Қымбатты балалар! Біз ертегі орманның тұрғындарымыз. Сіздерді қонаққа шақырамыз...» Сендер қонаққа барғыларың келе ме?</p>	Тақырыпқа байланысты көрнекіліктер
ҰІӨ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс	<p>Ой дамыту. біз қонаққа бармас бұрын, бұл хат қай ертегіден екенін табуымыз керек. Біз жұмбақтарды шешуіміз керек. Миға шабул Жұмбақтар жасыру. Көлге жапқан қақпақ, Сіресіп тұр, Қатты ақ. (Мұз) Мысықтан бұл қорқады, Бұдан піл қорқады. (Тышқан) Қылдай белі бүгілген, Өзінен де жүгі үлкен. (Құмырсқа) Көтеріліп теңізден, Аспанға биік барамын,</p>	

	<p>Биіктен қайта түскенде, Өңі кірер даланың (Жаңбыр) Аласа ғана бойы бар, Айналдырып киген тоны бар (Тоқты) Жарайсындар, балалар сендер жұмбақтардың жауабын таптыңдар. Ой қозғау. Бұл кейіпкерлер қай ертегіде кездеседі? -Дұрыс, бұл кейіпкерлердің бәрі «Кім күшті» ертегісінде кездеседі. Сендер ертегі әлемінде көретін ертегіні тауып алдындар. Жарайсындар! «Кім күшті» ертегісін оқып беру. Ал, енді көздерінді жұмып 1-5 дейін санандар Ертегігелер еліне қош келдіңдер! «Кім күшті?» ертегісін сахналау. Әр бала бет перде киіп ертегіні сахналайды. Мадақтау. Балабақшаға оралу. Көздерінді жұмып 1-5 дейін санандар Міне біз сүйікті балабақшамызға оралдық.</p>	
<p>IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия</p>	<p>Сұрақтар ілмегі Сендер қандай ертегіні тамашаладыңдар? -Сендерге ертегі ұнады ма? -Қай кейіпкер сендерге қатты ұнады? -Кім өз ролін жақсы орындап шықты? Ертегінің кейіпкерлеріне көп рахмет. "Кім жылдам?" ойынын ойнатып оқу қызметін қорыту . Белсенді қатысқан балаларды мақтап , мадақтау .</p>	

Желтоқсан		
Міндеті	<i>Сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануда ,сөздегі қазақ тіліне тән дыбыстарды ажырата алу дағдыларын, артикуляциялық аппаратты дамыту. қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтып, игерген сөздерін қолданып, затты сипаттай білу дағдыларын сөйлем құру дағдыларын жетілдіру.</i>	
ҰІӨ тақырыбы:	Менің Отаным	
Күні:	Дүйсенбі 04.12.2023	
ҰІӨ-нің мақсаты:	<i>Отан туралы әңгіме құрастыру. Балаларды негізгі ойды дұрыс жеткізе білуге, монологтік мәтінді байланыстырып айтуға, мәтін мазмұнын дұрыс, рет-ретімен айтуға үйрету</i>	
Күтілетін нәтиже:	<i>Отанымыздың Астанасын атай алады. Отан туралы түсіне біледі</i>	
Сөздік жұмыс:	<i>Отан, еліміз, қорғаймыз, міндетті</i>	
Өткен ҰІӨ-нен алған білім	<i>Сұрақ-жауап арқылы өткен ҰІӨ жауап алу.</i>	
ҰІӨ өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату II. Ұйымдастыру	Ұйымдастыру кезеңі. Шаттық шеңбері <i>Арайлап таң атты, Алтын сәуле таратты. Жарқырайды күніміз, Жарқырайды даламыз, Балалардан жыл мезгілін,ай атын ,апта күнді сұрау.</i>	<i>Тақырыпқа байланысты көрнекіліктер</i>
ҰІӨ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс	Топқа бөлу. «Тапқыштар» «Шешендер» <i>Сұрақ-жауап</i> <i>Шарты: Қай топ тез жауап береді.</i> <i>1. Біз қандай мемлекетте өмір сүріп жатырмыз?</i> <i>2. Осындай кең байтақ еліміз бен жерімізді кім басқарып отыр?</i> <i>3. Қазақстанның Елордасы қай қала?</i> <i>4. Біздің тұратын жеріміз қалай аталады?</i> <i>5. Біздің балабақшамыз қалай аталады?</i> <i>6. Еліміздің рәміздерін атаңдар.</i> <i>Балаларды мадақтау.</i> <i>Жауап берген топқа көңілді смайлктер беру.</i> 1-топ «Тілшілер» тобы: Рәміздерді сипаттап беріңдер. 2-топ «Шешендер» тобы:	

	<p>Мемлекеттік Гимн айту Сергіту сәті. Дөңгелене тұрамыз, Керегені құрамыз. Уықтар болып иіліп, Шаңыраққа киіліп. Қазақ үйді құрамыз. Ой дамыту Суретпен жұмыс. 2 топ Отан туралы суретке қарап әңгімелік береді. Мадақтау Көңілді смайлктер беру. Ұлттық ойын.«Хан талапай»</p>	
IV. ҰІӨ-нің қорытындысы. Рефлексия	<p>2 топтың көңілді смайлктерін санау. Балаларды мадақтау.</p>	

ҰІӨ тақырыбы:	«Тәуелсіз Қазақстан»	
Күні:	Дүйсенбі 11.12.2023	
ҰІӨ-нің мақсаты:	Мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, сыйлауға тәрбиелеу.	
Күтілетін нәтиже:	Отан туралы, туған жер, рәміздер туралы түсініктерді біледі. Педагогтың көмегімен сұрақтарға өз ойын айта алады.	
Сөздік жұмыс:	Тәуелсіз, мемлекет, рәміздер	
Өткен ҰІӨ-нен алған білім	Сұрақ-жауап әдіс-тәсілдер	
ҰІӨ өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату II. Ұйымдастыру	Ұйымдастыру кезеңі. Шаттық шеңбер Күлімде күн күлімде, Күлсін барлық бала шат. Бүгінгідей күн қайда, Бейбіт болсын болашақ!	Тақырыпқа байланысты көрнекіліктер
ҰІӨ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс	Топқа бөлу. I-топ: «Күз» тобы II-топ: «Қыс» тобы Сұрақ жауап I-топ: «Күз» тобына сұрақ Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті кім? -Рәміздерді атаңдар? II-топ: «Қыс» тобына сұрақ -Қазақстанның бас қаласы? -Елтаңбада не бейнеленген? Гимнді бәрі орындайды. Сергіту сәті. Жоғары қарап күн көріп Төмен қарап жер көрдім Оңға қарай бұрылып Солға қарай бұрылып Егеменді ел көрдім. Ойын: «Қай елдің туы» Міндеті: Балалардың рәміздер жайлы түсінігін бекіту. Ыстық орындық әдісі. 2 топтан бала орындыққа отырады. Сол балаларға сұрақтар қояды.	

**IV. ҰІӨ-нің
қорытындысы.
Рефлексия**

*Сұрақтар ілмегі арқылы қорытындылау.
Балаларды мадақтау*

ҰІӨ тақырыбы:	Астана- арман қала .(сурет бойынша әңгімелеу)	
Күні:	Дүйсенбі 25.12.2023	
ҰІӨ-нің мақсаты:	Балалардың суретке өз ойын айта білу дағдыларын дамыту. (Мнемотехника тәсілімен)	
Күтілетін нәтиже:	Астана туралы, ондағы ғимараттар , Бәйтерек туралы түсініктерді біледі. Педагогтың көмегімен суретке өз ойын айтады.	
Сөздік жұмыс:	Бәйтерек. ғимараттар, бас қала	
Өткен ҰІӨ-нен алған білім	Сұрақ-жауап әдісі	
ҰІӨ өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату II. Ұйымдастыру	Шаттық шеңбер Шарды бір-бірімізге беріп бере отырып, елімізге, жерімізге, бір-бірімізге жақсы тілектер айтайық. Балалардың тілектері. Қазір жылдың қай жылы? -Қыс мезгілінің қандай айы? -Бүгін аптаның қай күні?	Тақырыпқа байланысты көрнекіліктер
ҰІӨ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс	Ой қозғау. Балалар, біз қандай Республикада тұрамыз? -Республикамыздың бас қаласы, елордасы қалай аталады? Қызығушылықтарын ояту. Қуыршақ Сәуле келеді. Балалармен амандасады. Сәуле :Мен балаларды Астананың көрікті жерлеріне саяхат жасауға шақырып келдім. Балалар қуанады. Немен барамыз. Балалардың жауаптарын. Ұшақпен Астанаға бару. (Ұшақ дыбысы шығады) -Балалар, терезеден қараңдаршы, нені көріп тұрсыңдар? Слайдпен көрсету (Астананың әуежайын слайдпен көрсету) Ой қозғау. Балалар біз қайда келдік? Астана жайлы мәлімет беру. Астананың ең көрікті жерлерімен танысайық. (Слайдпен көрсету) -Ақ орда – Президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың жұмыс орны.	

	<p>-Хан шатыры – мұнда бизнес, сауда, ойын орталықтары бар. Тәуелсіздік сарайы-мемлекеттік ресми кездесулерді, мәжілістерді, кездесулерді өткізу орны. Парламент үйі-бұл өкімет үйі. Бейбітшілік және келісім сарайы-әлемдік және дәстүрлі діндер өкілдерінің жиынын өткізуге арналған ғимарат. Музей- Қ.Р.тұңғыш президентінің музейі. Астана циркі-цирк ойындарын көруге арналған орын. Мұхит аралы-мұхит жануарларын көретін орын. Бәйтерек-Астана қаласының басты символы.Бұл Н.Ә.Назарбаевтың идеясы бойынша құрылған.Мұнда президенттің алақанының таңбасы бар. Ойын: «Теңге алу» Балабақшаға оралу. (Ұшақ дыбысы шығады) (Көздерін жұмады) ұшақ суретін көрсету слайдтан Топқа келген сон саяхаттан алған әсерлерімен бөліседі.</p>	
<p>IV. ҰІӨ-нің қорытындысы. Рефлексия</p>	<p>- Қазақстанның астанасы, қай қала? - ҚРеспубликасының тұңғыш президенті кім? - Біз қай елде тұрамыз</p>	

Қаңтар		
Міндеті	<i>Қысқы табиғат құбылыстары қардың жауғаны аяз туралы түсініктерді, берілген сұрақтарға жауап бере алады. Өз бетінше сөйлеу мәнері мен дауыс күшін тиісінше өзгертіп отыруды біледі. Қысқа байланысты тақпақ, сұраққа жауап айта алады.</i>	
ҰІӨ тақырыбы:	«Бөлме гүлдері»	
Күні:	08.01.2023	
ҰІӨ-нің мақсаты:	Балаларға гүлдер туралы түсінік беру. Олардың түрлерін ажырата білуге үйрету. Тілдік ойындар мен жаттығуларды қолдана отырып, балалардың сөздік қорларын дамыту және байыту. Гүлдерге қамқор болуға тәрбиелеу.	
Күтілетін нәтиже:	Гүлдер, бөлме гүлдерінің қасиеті туралы түсінеді. Топқа бөліну арқылы әр гүлдің қасиетін біледі Өз ойын педагогтың көмегімен жеткізе алады.	
Сөздік жұмыс:	гүлдер, өседі, күтім, қарау керек.	
Өткен ҰІӨ-нен алған білім	Сұрақ -жауап	
ҰІӨ өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату II. Ұйымдастыру	Шаттық шеңбері Қуанамын мен де, Қуанасың сен де. Қуанайық достарым, Арайлап атқан күнге. Ой қозғау. Мнемотехника әдісі арқылы қыс мезгілі туралы түсінік беру. Миға шабул. Жұмбақ жасыру. Адамдардың бәрі қызығады, Су құймасаң сәні бұзылады. Бұл не? Жарайсыңдар, ендеше бүгін біз бөлме өсімдіктерімен таныс боламыз.	Тақырыпқа байланысты көрнекіліктер
ҰІӨ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс	Қызығушылықтарын ояту. Таңғажайып сәт: (топқа Сайқымазақ келеді) -Сәлеметсіңдер ме, балалар! -Мен мына гүлді үлкен де, әдемі етіп өсіргім келеді, бірақ қалай өсетінін, қалай өсіру керек екенін білмей тұрмын, мүмкін сендер маған осы гүлді өсіруге көмектесесіңдер ме?Топқа бөлу. Мозайка гүл құрастыру арқылы топқа бөлу. 1-Топ . Қазтамақ тобы	

	<p>2-топ Фикус тобы. Сұрақтар ілмегі. Топқа сұрақтар қою. 1-Топ . Қазтамақ тобына. Бөлме гүлдерінің қанша түрі бар? Сендердің үйлеріңде қандай гүлдер өседі? 2-топ Фикус тобына. Бөлме гүлдерін сыйлыққа беруге бола ма? Бөлме гүлдерінің пайдасы туралы не білесіңдер? Топтық жұмыс: Әрбір топқа бөлме гүлдері беріледі. Сол гүлдер туралы айтады. Практикалық жұмыс: Тамырланған гүлді түбекке отырғызу Балаларды мадақтау Ой дамыту. Балалар, біз Сайқымазаққа көптеген бөлме гүлдерін сыйлайықшы. -Олай болса, мына қиылған түрлі-түсті қағаздардан бөлме гүлдерін жапсырайық. Үлгі көрсету арқылы бөлме гүлдерін жапсырту. Топтық жұмыс: 2 топ гүлдерді ажыратып себетке жинайды. Дидактикалық ойын: «Түрлеріне қарай ажырат» Шарты: Балалар гүлдерді түрлеріне қарай ажыратып, топтастырып себетке салады. Мадақтау. Балалар, біз Сайқымазаққа өздеріміздің гүлдерімізді сыйлайық. Сайқымазақпен қоштасу.</p>	
<p>IV. ҰТӨ-нің қорытындысы. Рефлексия</p>	<p>-Балалар, бүгін бізге кім келді? -Біз оған не өсіруге көмектестік? -Бөлме гүлдеріні не үшін қажет деп ойлайсыңдар? Балаларды бағалау, мақтау, мадақтау. 3 шапалақ әдісі арқылы қорытындылау.</p>	

ҰІӨ тақырыбы:	«Үй жануарлары мен төлдері»	
Күні:	Дүйсенбі 15.01.2023.	
ҰІӨ-нің мақсаты:	Балаларға үй жануарлары туралы түсінік беру. Олардың төлдерін атай білуге үйрету. Тілдік ойындар мен жаттығуларды қолдана отырып, балалардың сөздік қорларын дамыту және байыту. Қамқорлыққа тәрбиелеу.	
Күтілетін нәтиже:	Үй жануарларының атын атай алады. Олардың өмір сүру ортасы туралы, оларға кімдер қамқорлық жасайтыны туралы педагогтың көмегімен айта алады	
Сөздік жұмыс:	Жануар, орман, түршілік, қыстық	
Өткен ҰІӨ-нен алған білім	Сұрақ – жауап әдісі	
ҰІӨ өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату II. Ұйымдастыру	Сұрақ-жауап Балалар қазір қай жыл мезгілі? -Қыста не жауады? -Қардың түсі қандай? -Сендер бақшаға қалай киініп келесіңдер?	Тақырыпқа байланысты көрнекіліктер
ҰІӨ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс	Қызығушылықтарын ояту. Үнтаспадан үй жануарларының дауыстарын тыңдату. АКТ технологиясы. Балалар назарын теледидарға аудару үй жануарлары туралы слайд көрсету (оларды сипаттайды) Ой қозғау. Балалар үй жануарлары қалай дыбыстайды? Неліктен үй жануары деп атаймыз? Олардың қандай пайдасы бар? Суреттегі үй жануарларының төлдерін қалай атаймыз? Дидактикалық ойын. «Дыбысынан ажырат» Міндеті. Жануарлардың дыбысы естіледі балалар қай жануар екен айтып интерактивті тақтада суретін көрсетеді . Балалардың жауаптарын тыңдау. Дидактикалық ойын: « Адамдар төлдер» Міндеті : тақтаға төлдер суреті ілінеді, балалар сол төлдердің ежелерін тауып қояды. Ой бөлісу сәті Балалар, біз бүгінгі ұйымдастырылған оқу қызметінде не туралы өттік? Ал, үй жануарларын күтіп баптау қажетпа? Үй жануарларының адамға тигізер пайдасы бар ма?	
IV. ҰІӨ-нің	Жарайсыңдар, балалар! Бәрің де бүгінгі жақсы қатыстыңдар, сендердің бәріңді мына күлегеш	

қорытындысы.
Рефлексия

смайликтермен бағалаймын, жарайсыңдар!
мадақтау

ҰІӨ тақырыбы:	«Менің қанатты достарым»	
Күні:	Дүйсенбі 22.01.2024	
ҰІӨ-нің мақсаты:	Құстар тіршілігі туралы түсініктерін молайту. Оларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Қоршаған ортаға қатысты түрлі сұрақтарға толық жауап беру дағдыларын бекіту	
Күтілетін нәтиже:	Құстар туралы түсінеді. Қыстап қалатын құстарды атай алады.	
Сөздік жұмыс:	Құс, қыстайды, қамқорлық, ұшады.	
Өткен ҰІӨ-нен алған білім	Өткен ҰІӨ сұрақтарға жауап береді.	
ҰІӨ өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату II. Ұйымдастыру	Миға шабул Жұмбақ жасыру. Барлық жемін бітеудей асайды, Әйтсе де ұзақ жасайды. Бұл нелер? (Құстар)	
ҰІӨ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс	Ой дамыту. Мнемотехника құстар. Балаларға құстар жайлы әңгімелету. Топқа бөлу. Балалар суреттерді алып топтарға бөлінеді. 1-топ: Қарлығаш 2- топ: Аққу 3-топ : Бұлбұл «Миға шабуыл» Әр топқа құстар туралы сұрақтар қою. 1-топқа Қандай құстарды білесіңдер? Қыстап қалатын құстарды білесіңдер ма? 2-топқа Құстардың қандай пайдасы бар? Жыл құстары жайлы не айта аласыңдар? 3-топқа Құстарға қандай қамқорлық жасайсыңдар? Қыста адамдар құстарға қандай көмек көрсетеді? Балаларды мадақтау. АКТ технологиясы. Слайд.Қыстап қалатын құстар: торғай, сауысқан, көгершін, қарға туралы түсінік беру. «Топтастыру стратегиясы Қыстап қалатын құстар, жыл құстарын топтастыру. Сергіту сәті. Қарлығаш боп ұшайық,	АКТ технологиясы Құстар суреттер

	<p>Торғай болып қонайық, Сауысқан боп секіріп, Бүркіт болып самғайық. Қане қанат жазайық Ұшып-ұшып алайық, Орнымызға қонайық. Дидактикалық ойын. «Құстар қалай дауыстайды?» Қарға----- қарқылдайды Сауысқан----- шақылдайды Тоқылдақ -----тоқылдайды Бұлбұл – сайрайды Қаз – қаңқылдайды. Торғай – шиқылдайды. Көкек – көкектейді.</p>	
<p>IV. ҰІӨ-нің қорытындысы. Рефлексия</p>	<p>Сұрақтар ілмегі әдісі. Бүгін не туралы әңгімелестік? Қандай құстар жылы жаққа ұшып кетеді? Мадақтау. Жұлдызша беру.</p>	

ҰІӨ тақырыбы:		«Қар жамылған ағаштар»	
Күні:		Дүйсенбі 29.01.2024	
ҰІӨ-нің мақсаты:	Сурет бойынша әңгіме құрастыруға үйрету. Тілде сөйлемдердің әртүрлі түрлерін, қосымшаларды қолдану дағдыларын қалыптастыру. Табиғатты аялай білуге тәрбиелеу.		
Күтілетін нәтиже:	Қыс мезгілі туралы өз ойларын айта алады. Дара сөздерді жатқа айтады. Педагогтың көмегімен суретке өз ойын айтуды біледі.		
Сөздік жұмыс:	Қыс, аяз, қарлы боран, суық		
Өткен ҰІӨ-нен алған білім	Сұрақ – жауап.		
ҰІӨ өтілу барысы			
Жоспарланған уақыт		Жоспарланған іс-әрекет	
Ресурстар			
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату II. Ұйымдастыру	Шаттық шеңбер Жарқырап күнде ашылды, Айналага нұр шашылды. Қайырлы күн! Біз көңілді баламыз! Қайырлы күн! Біз сүйкімді баламыз! Ой қозғау. -Қыс мезгілінде неше ай бар? -Қыста күн қандай болады? -Енді айналага, далаға қараңдаршы қандай болып жатыр		Тақырыпқа байланысты көрнекіліктер
ҰІӨ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс	Ой дамыту. АКТ технолоиясы. Бейнетаспа қыс мезгілі. Балаларға әңгімелету. Ашық сұрақтар қою. Қыста ауа райы қандай болады? Суретте балалар немен сырғанап жүр? Адамдар қалай киінген? Балалардың жауаптары. Әнуарбек Дүйсенбиетің «Қыс» өлеңін оқып беру. Аппақ, аппақ жапалақтап Қар жауады тынбастан Қалың орман қар жамылған Маужырайды қысқы орман Сұрақтар ілмегі. Өлең не туралы айтылған?		

	<p>Қыста ағаштар қандай болады? Терезеден ағаштарды бақылау.</p> <p>Сергіту сәті Тоңса біздің қолымыз, Қолғап кйіп аламыз. Сарт-сарт-сарт Шапалақты соғамыз. Етік киіп аламыз Топ-топ-топ Топылдатып билейміз Тоңса біздің денеміз Тонды киіп аламыз Зу -зу -зу Шапамен зулаймыз,</p> <p>Дидактикалық ойын: «Қыс мезгілінің ерекшеліктерін тап» Ойын шарты: Менің қолымда ғажайып қалташа бар оның ішінде жыл мезгілдерінің суреті бар сендер оның ішінен тақтаға тек қана қыс мезгілінің суретін тауып ілу керек. Мадақтау.</p>	
<p>IV. ҰТӨ-нің қорытындысы. Рефлексия</p>	<p>Сұрақ жауап арқылы қорытындылау. Жұлдызша беру арқылы мадақтау</p>	

Ақпан		
Міндеті	Сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, ретін сақтай отырып сөйлем құрауға жаттығуды жалғастыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Педагогтің көрсеткен үлгісі бойынша шағын мәтін құрастыра білу дағдыларын жетілдіру. Сөздерді сөз тіркесімен айтуға дағдыландыру. 2-3 сөйлеммен затты сипаттай білу дағдыларын дамыту. Балалардың ыдыстарды мақсатына қарай (ас үй, шай, асхана) жіктей білуін қалыптастыру; ыдыс-аяқ, олардың мақсаты және жасалған материал туралы түсініктерін кеңейту.	
ҰІӨ тақырыбы:	«Мөлдіреген аппақ қыс» (сурет бойынша әңгіме)	
Күні:	Дүйсенбі:05.02.2024	
ҰІӨ-нің мақсаты:	Өз бетінше сөйлеу мәнері мен дауыс күшін тиісінше өзгертіп отыру іскерлігін жетілдіру. Қысқа байланысты тақпақ, сұрақ- жауап арқылы тіл байлығын байыту. Оларды бақылауға тәрбиелеу.	
Күтілетін нәтиже:	Қыс мезгілі туралы суретке қарап атауларын атай алады. Педагогтың көмегімен суретке сөйлем құрауды біледі.	
Сөздік жұмыс:	қыс, мезгіл, суық, ойнайды, ұлпа	
Өткен ҰІӨ-нен алған білім	Сұрақ -жауап	
ҰІӨ өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату II. Ұйымдастыру	Көңілді шеңбер Қыс туралы әнмен бастау. -Балалар жаңа біз қай жыл мезгілі туралы ән айттық? -Қыс мезгілінің ерекшелігін кім айтады?	Тақырыпқа байланысты көрнекіліктер
ҰІӨ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс	Тосын сәт. Хатшы хат пен қорапша әкеледі. Хатты оқу. Балалар бұл хатта тапсырмалар бар екен. Сол тапсырмаларды орындасақ мына қорап ашылады екен. Қорапта не бар екен? Қәне онда тапсырмаларды орындайық. Балалар тапсыраны орындау үшін топқа бөлінейік. 1-топ. Аққала тобы 2- топ Ақшақар тобы. 1-топ Аққала тобына тапсырма. Ой қозғау. Суретке қарап әңгіме құрыңдар? «Қыс мезгілі» 2- топ Ақшақар тобына тапсырма. «Қысқы еңбек» суретке әңгіме құраңдар	

Балаларды мадақтау.

2- тапсырма.

Топтық жарыс

Миға шабул.

«Қай топ бірінші жұмбақты шешеді?»

1.Қыста ғана болады,

Ұстасаң қолың тонады. (қар)

2.Тісі жоқ,тістеп алады.

Қолы жоқ, сурет салады. (аяз)

3.Мені қардан жасапты,

Ойланып көр

Қолым-таяқ,

Мұрным-сәбіз,

Көзім-көмір. (аққала)

4.Қырға сүйреп шығам,

Ойғы мініп түсем. (шана)

5.Өзі судан жаралған,

Бірақ судан қорқады. (мұз)

6.Су да, мұз бар,

Жер де, қар бар.

Боран басып соғады.

Бұл қай кезде болады? (қыс)

Екі топты мадақтау.

Сергіту сәті:

Боран соғар оң жақтан,

Боран соғар сол жақтан.

Қар лақтырып ойнасақ,

Суық өтер қолғаптан.

3-тапсырма

Сұрақтар ілмегі.

1-топ Аққала тобына сұрақ.

Қыс мезгілінде біз аулаға серуенге шықтық, бірақ қолымызда қолғап жоқ, қолдарың тонды. Сендер не істер едіңдер?

2- топ Ақшақар тобына сұрақ

Қыс мезгілі көшеде әже келе жатып құлап қалады, аяғын ауыртып алды, сендер әжеге қандай көмек көрсетесіңдер?

Мадақтау.

4-тапсырма

	<i>Воскобович әдісін қолдана отырып, тақтада қыс бейнесін құрау. (Қысқы ағаш, қар, шырша). Екі топты мадақтау.</i>	
IV. ҰТӨ-нің қорытындысы. Рефлексия	<i>Балалар , жарайыңдар екі топта тапсырманы орындадыңдар! Енді сиқырлы қорапты ашып қарайық. Қорап ішінен тәтті кәмпит шығады. Балаларға тәтті кәмпитерді беру. Мадақтау.</i>	

ҰІӨ тақырыбы:		«Көліктер»
Күні:		12.02.2024
ҰІӨ-нің мақсаты:	Көлік түрлерімен (әуе, жүк, жеңіл, су) көліктердің қасиетімен таныстыру. Көліктер туралы жұмбақтар шешу арқылы баланың ойлау қабілетін дамыту.	
Күтілетін нәтиже:	Әр түрлі көлік түрлерінің, көлік бөліктерінің атауларын атай алады. Көлік туралы сұрақтарға жауап береді	
Сөздік жұмыс:	Жүргізуші, көлік, ұшады, жер көлігі, әуе	
Өткен ҰІӨ-нен алған білім	Сұрақ –жауап арқылы жауап алу.	
ҰІӨ өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату II. Ұйымдастыру	I.Шаттық шеңбері. Біз ақылдымыз, Қиындықтан қорықпаймыз. Біз жаспыз,қандай әдеміміз, Табиғатты қорғаймыз. II.Ой қозғау. Балалар қазір жылдың қай мезгілі? Қыс мезгілінде неше ай бар? Қыс айларын атайықшы? Қыс мезгілінде күн қандай болады? Жарайсыңдар балалар, күн суық, ал сендер балабақшаға қандай көлік түрімен келесіңдер? Көлік дегеніміз не? Көліктің қандай түрлері бар? Көліктерге не жатады? Көліктердің қандай пайдасы бар?	Тақырыпқа байланысты көрнекіліктер
ҰІӨ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс	III. Миға шабуыл 1. Құс сияқты құс емес, Жүрседе тым биікте. Қақпайды бір қанатын, Жүрседе тым биікте . (Ұшақ) 2. Қос күрекпен еседі, Су көлігі деседі. (Қайық) 3.Жүргізуші жүргізеді, Төрт аяқты батырды (Жеңіл көлік) Балаларды мадақтау.	

	<p>Сергіту сәті: Сары,қызыл, жасыл шам, Жол бойында жанады. Жүргізуші ағалар, Оңға ,солға қарады. Бағыт берген бағдаршам. Түзу жолды табады.</p> <p>Ой дамыту. Суретпен жұмыс. «Көңілді көліктер» Балалар көліктердің өзі төртке бөлінеді: Әуеде жүретін көліктер - Ұшақ, Тікұшақ, зымыран Суда жүретін көліктер – Кеме, қайық Темір жол көліктері – Поезд Ал, жерде жүретін көліктердің өзі екіге бөлінеді екен. Олар жеңіл және ауыр көліктер. Балаларды түстер арқылы топқа бөлу. 1-топ. Жүк көлігін құрастыру. 2-топ. Поезд құрастыру 3-топ, Ұшақ құрастыру 4-топ.Кеме құрастыру. Сипаттама беру. Балаларды мадақтау.</p>	
<p>IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия</p>	<p>Дидактикалық ойын: «Сөйлемді толықтыр» 1.Егер жермен жүрсе ,бұл ... көлігі. Жермен жүретін көлік түрлерін атаңдар? 2.Егер сумен жүрсе ,бұл ... көлігі. Сумен жүретін көлік түрлерін атаңдар? 3. Егер әуемен жүрсе ,бұл ... көлігі. Әуемен жүретін көлік түрлерін атаңдар? Балаларды мадақтау.</p>	

ҰІӨ тақырыбы:	«Электротехникалық тұрмыстық заттар»	
Күні:	19.02.2024	
ҰІӨ-нің мақсаты:	Балалардың сөздік қорын тұрмыстық электротехника заттарының атауларымен байыту. Олардың қолданысын түсіндіру. Сұрақ – жауап арқылы балалардың ойлау, есте сақтау қабілетін дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	
Күтілетін нәтиже:	Ойын арқылы электротехникалық заттарды атауды біледі Қолданылатын орнын, қауіпсіздік ережелерін түсінеді.	
Сөздік жұмыс:	қауіпсіздік, қолдану, электр көзі, тұрмыстық, техника тоңазытқыш, шаңсорғыш	
Өткен ҰІӨ-нен алған білім	Сұрақ - жауап	
ҰІӨ өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату II. Ұйымдастыру	Шаттық шеңбер Күн шуағын жинаймын. Достарыма сыйлаймын. Күн жылуын аямасын, Шуағымен аяласын. Достық деген бәйтеректі Барлық бала саяласын.	Интерактивті тақта, үй жабдықтарының ойыншық түрлері, сурет карточкалары,
ҰІӨ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс	Қызығушылықты ояту. Балаларды ортаға шақырады. Балалар қазір мына әуен аяқталғанша әрбір үйге қажетті деген заттарды алып келіңдер. - Балалар сендердің үйлеріңде үйге өте қажетті осындай заттар, яғни тұрмыстық бұйымдар бар ма? III. Ой дамыту. АҚТ технологиясымен жұмыс. П/Ж ойын: «Ас үйдің заттарын ата» Бұл заттардың бәрі үй тұрмысына қажетті заттар. Бұлар үй жиһаздары және тұрмыстық техникалық қажетті заттар. бір-бірінен ажырату үшін экранға назар аудару. Құрлымдалған ойын: «Пайдалы, зиянды» дидактикалық материалдармен жұмыс олардың қажеттілігі, зияны мен пайдасы жайлы айтып түсіндіру. Әр затты түсіндіру кезінде сұрақ-жауап әдісін қолдану. Мысалы: Бұл не? Бұлүтіконымен не істейміз? Оны алдымен тоққа қосамыз. Ол ысиды, сосын киім үтіктейміз. Оны балалар қолдануға болмайды. Неге? Үтік адам тұрмысына өте қажет. Егер үтік болмаса киімдерімізқыртыстанып тұрады.	

	<p>Тұрмыстық үйге қажетті техникалардың барлығына жеке-жекетөқталу. -Бұлардың барлығын бір сөзбен қалай атаймыз. тұрмыстық техникалар деп атаймыз. Сергіту сәті: «Шаңсорғыш ойыны». Балалардың біреуі шаңсорғыш қалғандары шаң боп жан жаққа жүгіріп жерге қонады. Шаңсорғыш оларды жинап шығарады. Оның қолы кимге тиеді. Олар жайлап орнынан тұрады.</p>	
<p>IV. ҰІӨ-нің қорытындысы. Рефлексия</p>	<p>«Менің үйімдегі заттар» ойыны арқылы аяқтау. Ойын шарты сыйқырлы таяқшаны алған бала балаға үйіндегі тұрмысқа қажетті тұрмыстық заттарды,оның қызметі мен қажеттілігі туралы айту керек. Балалрды мадақтау.</p>	


ҰІӨ тақырыбы:	«Мамандықтың бәрі жақсы»(сурет бойынша әңгіме)	
Күні:	Дүйсенбі 26.02.2024	
ҰІӨ-нің мақсаты:	Балалардың ойлау қабілеттерін дамыта отырып, еңбекке деген қызығушылықтарын ояту, үлкендердің еңбегін бағалауға тәрбиелеу. Балаларды мамандық иелерімен таныстыру. Әр мамандықтың өзіне тән қасиеттерін атап айту.	
Күтілетін нәтиже:	Мамандық туралы, әр мамандықтың атауларын айта біледі. Берілген ойындар арқылы	
Сөздік жұмыс:	Мамандық, кәсібі, еңбектену, жұмыс жасау т.б.	
Өткен ҰІӨ-нен алған білім	Сұрақ - жауап	
ҰІӨ өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату II. Ұйымдастыру	I. Шаттық шеңбері. Е.Өтетілеуұлы. Бақшамызға барғанда, Жолыққан бар жандарға, Ертемен ақ пейілмен: "Қайырлы таң!"-деймін мен. II. Қызығушылықтарын ояту. Жұмбақ жасыру. -Бал татыған мәзір, Ол бар жерде әзір. (аспаз) -Өскен шашты жаратпайтын, Қайшысы бар жалақтайтын. (шаштараз) -Басқа қандай мамандық иелерін білесіңдер? -Мамандықтар туралы түсінік беру.	Тақырыпқа байланысты көрнекіліктер
ҰІӨ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс	3. Ой қозғау. Суретпен жұмыс. -Мамандық дегеніміз не? -Мынау қай мамандық иесі. -Ол не істеп жатыр? -Ол мамандық иесінің бізге қандай пайдасы бар? -Олардың атқаратын қызметі не? Құрлымдалған ойын: «Өз затын тауып бер» Шарты: Кір қыстырғышпен әр мамандықтың затын өз тұсына қыстыру Сөздік жұмыс жүргізу.	

	<p>Кәсіп, қияды, емдейді, шабыттанады, Сергіту сәті. Көркем сөз Тақпақ жаттау «Дәрігер» Ден саулығын баланың, Ден саулығын ананың. Ден саулығын қарттыңда, Қамқорлыққа аламын Педагог жетекшілігімен ойын: «Кім жылдам?» Шарты: Суреттің қиылған бөлігін тауып, қай мамандық екенін тез айту</p>	
<p>IV. ҰТӨ-нің қорытындысы. Рефлексия</p>	<p>«Ойлан тап» ойыны арқылы аяқтау. Тақтаға маман иелерінің суреттері ілінеді. Ойын шарты әр мамандықтың заттарын атайды. Бүгінгі оқу қызметіне жақсы қатысқан балаларды мадақтау</p>	

Наурыз		
Міндеті	Жыл мезгілінің ерекшеліктерін қазақша айта алу, суреттер туралы шағын мәтіндер құрастыруды дағдыландыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Сөздерді сөз тіркесімен айтуға, сөйлем құрауға жаттықтыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.	
ҰІӨ тақырыбы:	«Наурыз көктем»	
Күні:	Дүйсенбі 04.03.2024	
ҰІӨ-нің мақсаты:	Наурыз мерекесі туралы түсінік бере отырып, өмірінде болған оқиғаны еске түсіру арқылы әңгімелеуге үйрету.	
Күтілетін нәтиже:		
Сөздік жұмыс:	наурыз, мейрам, мереке, тойлау, көрісу.	
Өткен ҰІӨ-нен алған білім	Сұрақ –жауап.	
ҰІӨ өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату II. Ұйымдастыру	Шаттық шеңбер Ал балалар тұрайық, Үлкен шеңбер құрайық, Уықтарша иіліп, Қазақ үйді құрайық. -Балалар, терезеден күн нұрын төгіп тұр екен. Күн көзінен қуат алып, бір – бірімізге ыстық лебіздерімізді арнайық. Ой қозғау Балалар қазір жылдың қай мезгілі? Көктем мезгілінің қай айы? Көктем мезгілінде табиғат қандай өзгеріске ұшырайды?	Тақырыпқа байланысты көрнекіліктер
ҰІӨ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс	Қызығушылықтарын ояту. Тосын сәт. Топқа Тазша бала келеді. Тәрбиешімен, балалармен амандасады. Тазша: - Балалар, елге көктем келді, Наурыз мерекесі жақындады.. Наурыз мерекесі туралы сендер не білесіңдер? Балалар Тазша балаға наурыз мерекесі туралы слайд көрсетейік. 2.Ой дамыту. АКТ технологиясы «Наурыз» мейрамы. «Наурыз мейрамы» Міндеті: Балаларға наурыз мерекесі туралы түсінік беру. Наурыз мерекесінің ерекшеліктерін түсіндіру. Наурыз туралы түсінік беру. Мал төлдеп, табиғат оянатын кез. -Ата-бабамыз осы мерекені ауыл-ауылда тойлап, қазақтың ұлттық ойындары ойналады.	



Қазақтың кең дастарқаны жайылады. Қазақтың ұлттық киімдері киіледі.
Алтыбақан, той-думан болады.



Жеті тағамнан жасалатын наурыз көже пісіріледі.



- Бір тал кесең, он тал ек- дескен қариялар бұлақ басына тал егеді



Міне, Наурыз мерекесінің ерекшелігі осылар.

Сергіту сәті.

Қим ойын «Тақия тастамақ» ойынымен сергіту сәтін орындау

Наурыз деген не?

-Күн мен түн теңеледі-Ренжіскен адамдар достасады

-7 түрлі дәмнен Наурыз көже дайындайды

Ұлттық ойындар ойналады.


-Ешкіммен ренжіспейді;-Жаман сөздер айтпайды;

-Жаман қылықтар көрсетпейді.

	<p>Тазша: - Балалар,рахмет сендер наурыз мерекесі туралы көк түсінік беріп жатырсыңдар. Тәрбиеші: Наурыз мерекесінің сәні ұлттық ойындар. Сендер қандай ұлттық ойындарды білесіңдер? Балалар: - «Бәйге», «Алтыбақан», «Арқан тартыс», «Қыз қуу», асық ойындары, «Көкпар» т.б.. Қимылды ойын: «Арқан тартыс».</p>	
<p>IV. ҰІӨ-нің қорытындысы. Рефлексия</p>	<p>Балалар, Наурыз туралы көп біледі екенсіңдер. Тазша бала балаларға рахмет айтып қоштасады. Бүгін не туралы айттық? -Наурыз қандай мереке? -Қандай ұлттық ойындарды білесіңдер? Балаларды мадақтау.</p>	

ҰІӨ тақырыбы:		Менің сүйікті ертегім: «Түлкі мен ешкі»
Күні:		Дүйсенбі 11.03.2024
ҰІӨ-нің мақсаты:	Ертегіні оқып бере отырып, әңгімелеуге, байланыстырып сөйлеуге үйрету. Балалардың білетін ертегілерін еске түсіру арқылы тіл байлықтарын, есте сақтау қабілеттерін дамыту.	
Күтілетін нәтиже:	Ертегілер туралы, ондағы кейіпкерлер туралы суретке қарап аттарын айта алады. Ертегі желісін педагогтың көмегімен қайталап айтып береді.	
Сөздік жұмыс:	Ешкі, қу түлкі, алдайды, құдық	
Өткен ҰІӨ-нен алған білім	Сұрақ –жауап.	
ҰІӨ өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату II. Ұйымдастыру	Шаттық шеңбер Сәлем саған алтын күн! Сәлем саған көк аспан! Сәлем саған жер-ана! Сәлеметсің бе, достарым! Доптың көмегімен балалардан көңіл-күйлерін сұрау Тосын сәт. Айгерім қуыршақ келеді. Балалардан көмек сұрайды. Суреттегі қандай ертегі екенін білмей жатыр екен. Көмектесеміз бе?	Тақырыпқа байланысты көрнекіліктер
ҰІӨ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс	Ой дамыту «Суретпен жұмыс» Бұл қандай ертегі? Осы ертегіні суреттеріне қарап айтып беріңдерші? Балалардың жауаптары. Балаларды мадақтау. Миға шабул. Жұмбақ жасыру. Өзі бір қу, Жүрген жері айғай-шу.(түлкі) Тақтамен жұмыс. Тақтаға түлкі мен түлкішектер бейнеленген сурет ілу. - Мына суретке қараңдаршы, мұнда не бейнеленген? -Түлкінің баласын қалай атайды? -Түлкі қандай? -Өте жақсы. Олай болса мен сендерге бүгін түлкі туралы тағы бір ертегіні оқып беремін. Ертегі «Түлкі мен ешкі» ертегі. Сурет көрсете отырып айтып беру. Ой қозғау.	

	<p>Мазмұны бойынша сұрақтар қою: Ертегіде қандай кейіпкерлер бар? Түлкі қайда түсіп кетеді? Ол құдықтан қалай шығып кетеді? -Ал, ешкі қандай? Ешкі кімнің сөзіне алданып қалады? - Не себептен? -Құдық қандай екен? Түлкінің жасағаны дұрыспа?Неге? Балалардың жауаптары Сергіту сәті: Бала, бала, балақай, Қол соғайық, алақай! Бір, екі, үш деп айтайық, Саусақтарды тартайық. Жалқау бала болмайық, Қолды қысып, ойнайық. Дидактикалық ойын. «Ертегі құрастыр» (пазл)</p>	
<p>IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия</p>	<p>Айгерім қуыршақ кқп ертегілермен танысқанына қуанып рахмет айтып қоштасады. Сұрақтар ілегі арқылы қорытындылау Балаларды мадақтау.</p>	

ҰІӨ тақырыбы:	«Менің асықтарым»	
Күні:	Дүйсенбі 18.03.2024	
ҰІӨ-нің мақсаты:	Асықтар және оның түрлерімен, түстерімен таныстыру.	
Күтілетін нәтиже:	Ұлттық өнер туралы түсінеді. Аспаптардың аттарын атай алады. Сұрақтарға педогогтың көмегімен толық жауап береді.	
Сөздік жұмыс:	Тартады, үні, өнер	
Өткен ҰІӨ-нен алған білім	Сұрақ -жауап	
ҰІӨ өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату II. Ұйымдастыру	<p>Шаттық шеңбері. Арайлап таң атты, Алтын сәуле таратты. Жадырайды жүздерің Жарқырайды тобымыз Қызығушылықты ояту. Қандай әдемі қорапша! Сұрақ-жауап: Мына әдемі қорапшаның ішінде не бар екенін көргілерің келе ме? Олай болса ашып көрейік. Балалар не көріп тұрсыңдар? Түрлі-түсті асықтар. Қандай әдемі асықтар! Асық не екенін білеміз бе?</p>	Тақырыпқа байланысты көрнекіліктер
ҰІӨ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс	<p>3.Ой дамыту</p>  <p>Асық – қазақ халқының ұлттық ойыны. Асық төрт түлік малдың сүйегінен алынады. Оның түрлері көп. Асықтың өзі әртүрлі боп бөлінеді. Алшы, тәйке, бүге, шіге, омпы, шоңқай. Асықтың осы тұрыстарынан оң жақ және сол жақ екенін ажырата аламыз. Асық ойыны – қазақ халқының ежелгі өте кең тараған ойындарының бірі.</p> <p>П/Ж ойын. «Кім тапқыр» Қорапшаның ішіндегі асықтардан тапсырма берілген</p> <p>Сергіту сәті:</p>	

	<p>Секіреміз топ-топ, Шапалақтап көп-көп. Иілеміз оңға қарай бір, екі, үш, Иілеміз солға қарай бір, екі, үш</p> <p>1-тапсырма.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Асық қандай жануарлардан алынады? 2. Ұлттық асық ойындарының қандай түрлерін білесіңдер? 3. «Сақа» деп қандай асықты айтамыз? 4. «Ханталапай» ойынының шарттарын атап беріңдер? 5. «Асық ату» ойыны қалай ойналады <p>2-тапсырма. «Кім шапшаң?»</p> <p>Міндеті: Карточкада берілген сандарды әр түсіне қарай орналастыру, санау.</p> <p>3-тапсырма. «Санамақ»</p> <p>Міндеті: Балалар қолдарына берілген асықтарды ілгері кейін санап үйрену. Есте сақтау қабілетін дамыту.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Асықтарды жина»</p>	
<p>IV. ҰТӨ-нің қорытындысы. Рефлексия</p>	<p>Қортынды</p> <p>Сұрақ-жауап</p> <p>Балалар бүгін біз не туралы өттік?</p> <p>Асықты неден аламыз?</p> <p>Асықпен қандай ойындар ойнаймыз?</p> <p>Балаларды мадақтау.</p>	

ҰІӘ тақырыбы:		«Көктемде»
Күні:		Дүйсенбі
ҰІӘ-нің мақсаты:	Тілде сөйлемдердің әртүрлі түрлерін, қосымшаларды қолданады. Жеке тәжірибесінен суреттің мазмұны бойынша шағын әңгімелер құрастырады	
Күтілетін нәтиже:	Көктем мезгілі туралы және табиғаттағы ерекшеліктер жайында сурет арқылы айта алады. Педагогтың қойған сұрақтарына дара сөздер арқылы жауап береді.	
Сөздік жұмыс:	ериді, бүршік, құстар ұшып, көктейді	
Өткен ҰІӘ-нен алған білім	Сұрақ-жауап.	
ҰІӘ өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату II. Ұйымдастыру	<p>Шаттық шеңбер Қуанамын менде Қуанасың сенде Қуанайық, достарым Арайлап атқан күнге. Миға шабул. Жұмбақ жасыру. Ақ қар еріп, су көбейіп, Сай-салаға ағады. Бүршік шашып, жапырақ ашып, Бәйшешек гүл жарады. -Кім айтады, бұл қай кезде болады? Әрине, дұрыс айтасыңдар балалар! Қазір көктем мезгілі. -Балалар көктем айларын кім айтады? -Қазір қандай ай? -Көктемде табиғатта қандай өзгерістер болады?</p>	Тақырыпқа байланысты көрнекіліктер
ҰІӘ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс	<p>Ой дамыту Балаларды топқа бөлу. 1-топ Көктем 2-топ Бәйшешек 3-топ Күн 1 - тапсырма. Көктем туралы суретке қарап әңгіме құрастыру. Әр топ суретке қарап әңгіме құрайды. 2- тапсырма.</p>	

Дидактикалық ойын :«Даусынан таны»
Құстардың даусын аудиодан тыңдап қай құстың даусы екенің айтады.

Сергіту сәті

Тербеледі ағаштар,
Алдымнан жел еседі.
Кіп - кішкентай ағаштар,
Үлкен болып өседі.

3- тапсырма.

Дид ойын: «Шебер қолдар»

Әр топқа түсіндіру алдарына үлгісін көрсету.

1 топ: Ағаштың бейнесін жапсыру

2 топ: Ұяны қиылған пішіндерден ұя жапсру.

3 топ: Құстың суретін бояту

4-тапсырма «Тыйым сөздер»

Тыйым сөздер үйрету, педагогпен бірге қайталау.

Құстың ұясын бұзба

Құсқа тас лақтырма

Құстың жұмыртқасын жарма

Бұтақты сындырма

Аулаға қоқыс тастама

Балаларды мадақтау.

Сәуір

Міндеті: Сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. Суреттуралы педагогтің үлгісі бойынша шағын мәтін құрастыруды дағдыландыру. Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айту. Ертегілердің мазмұнын түсіндіре отырып, сурет бойынша әңгімелеуге, байланыстырып сөйлеуге дағдыландыру

ҰІӨ тақырыбы: «Г үлдер біздің сәніміз»

Күні: Дүйсенбі 01.04.2024

ҰІӨ-нің мақсаты: Гүлдердің түрлерімен таныстыру. Өсімдіктерді күту ережелерімен таныстыра отырып, оларға қамқор болуға үйрету..

Күтілетін нәтиже: Топқа бөліну арқылы гүл аттарын біледі.
Педагогтың көмегімен сұрақтарға өз ойын айта алады.

Сөздік жұмыс: өседі, құлпырып, сабағы, гүлдейді.

Өткен ҰІӨ-нен алған білім Сұрақ – жауап.

ҰІӨ өтілу барысы

Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
<p>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату II. Ұйымдастыру</p>	<p>Шаттық шеңбер Күнім күліп арайлы, Тереземнен қарайды. Достарыммен шеңберге, Тұрғанымды қалайды Қызығушылықтарын ояту Жұмбақ жасыру: Аналарға сыйлайтын, Аралар бар жинайтын. Бұл немене, балалар, Үзуге адам қимайтын Сұрақ-жауап</p>	<p>Тақырыпқа байланысты көрнекіліктер</p>
<p>ҰІӨ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс</p>	<p>Ой дамыту. АҚТ технологиясымен жұмыс (Слайд арқылы гүлдер туралы әңгімелеу) Топқа бөліну. (алдын ала жұмыс, тақпақ жаттату) 1 – топ: Бәйшешектен білеміз, Көктем келіп қалғанын. Мәз боламыз, күлеміз, Көрсек гүлін жарғанын. 2 - ші топ: Алғаш рет күркіреп, Ағыл – тегіл жауса күн. Қырға шығар дүркіреп, Көктем басы – жауқазын.</p>	

	<p>3 - ші топ: Ұлбіреген бақбақ, Үлпілдеген аппақ. Уф! – десем, бақбақ, Ұшасың ғой қаптап. Сергіту сәті: Тіл-жаттықтыру: Гүлдер, гүлдер көк гүлдер, Қызыл гүлдер, көп гүлдер Өсе берші нұрланып, Өсе берші ыргалып Дидактикалық ойын: «Гүлді ретімен орналастыр!» Міндеті: балалардың тіл байлықтарын, шапшаңдықтарын арттыру. Шарты: улестірмелі материалдар арқылы, гүлдерді атап, ретімен орналастыру</p>	
<p>IV. ҰІӨ-нің қорытындысы. Рефлексия</p>	<p>Сұрақ-жауап Балаларға жұлдызшаберу арқылы мадақтау</p>	

ҰІӨ тақырыбы:	Ас атасы-нан	
Күні:	Дүйсенбі 08.04.2024	
ҰІӨ-нің мақсаты:	Нанның бидайдан жасалатыны және нанның адам үшін маңыздылығын түсіндіру Баланың ойлау қабілетін, танымдық көзқарасын, шыңдау	
Күтілетін нәтиже:	Еңбек туралы түсінеді. Суретке қарап атауларды атай алады.	
Сөздік жұмыс:	Наубайшы, егін, өсіру, бидай	
Өткен ҰІӨ-нен алған білім	Сұрақ-жауап	
ҰІӨ өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату II. Ұйымдастыру	Қызығушылықты ояту Миға шабуыл: Жұмбақтар Беттескен қос табақ Ортасында бас табақ Көз бен шоққа ораса Дәм піседі тамаша Ұзын мұртты сарылар Қойынында наны бар Сұрақ-жауап.	Тақырыпқа байланысты көрнекіліктер
ҰІӨ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс	Ой дамыту. Акт технологиясы. Слайдпен жұмыс: Нан түрлері Ғажайып сәт: Наубайшы қонаққа келеді Амандасу. Балалар мен сендерге нанды қалай дайындайтынын көрсететін боламын. (балаларға нанды қалай дайындау әдісін көрсетеді) Әңгімелеу. Нан дастарханға қалай келеді? Сергіту сәті: Бидай жерге отырды, Жасыл түске айналды. Бидай желмен қимылдап, Жауын болып жауылды Дидактикалық ойын: «Кім не істейді?» Шарты: Өздері таңдап алған суреттегі мамандық иесінің не істейтінін айту. Диқаншы-егін егеді, баптайды Тракторшы- жер жыртады Наубайшы -нан пісіреді Диірменші-ұн тартады Бес жолды өлең	

	<p>Не? Нан Қандай? Ақ, дәмді Не істейді? Піседі, қуырылады, жасалады Сөйлем Нан – дастархандағы қасиетті тағам Синоним бауырсақ Наубайшы апаймен қоштасу.</p>	
<p>IV. ҰІӨ-нің қорытындысы. Рефлексия</p>	<p>Балаларды мақтап, мадақтау.</p>	

ҰІӨ тақырыбы:	«Жәндіктер әлемінде»	
Күні:	Дүйсенбі 15.04.2024	
ҰІӨ-нің мақсаты:	Жәндіктер туралы түсініктерін кеңейту. Жәндіктер әлеміне деген қызығушылығын ояту, табиғатқа сүйіспеншілік пен қарауға тәрбиелеу.	
Күтілетін нәтиже:	Жәндіктер атауларын атай алады. Әр жәндікті суреттен көрсете алады.	
Сөздік жұмыс:	жәндіктер, қонады, ұшады, аралап, бал жинау.	
Өткен ҰІӨ-нен алған білім	Сұрақ -жауап	
ҰІӨ өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату II. Ұйымдастыру	Шаттық шеңбері Армысың, Алтын күн! Армысың, Жер Ана Армысың, достарым! Сендерді көрсем қуанам Қазір жылдың қай мезгілі? Балалар: Қазір жылдың көктем мезгілі	Тақырыпқа байланысты көрнекіліктер
ҰІӨ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс	Ой дамыту. АҚТ технологиясымен жұмыс. Көктемде балалар, айнала құлпырып, құстар ән салады, гүлдер өседі. Күн жылынып, адамдар жеңіл киіне бастайды. Ал, шөптің арасында нелер пайда болады? Мынау не? (Слайд арқылы таныстыру) Жұмбақтар сыры: Екі басы жұдырықтай Белі қылдырықтай Инесі жоқ, жібі жоқ Шілтер тоқыр міні жоқ Таңғажайып сәт: Қонаққа жәндіктер келеді. Топтарға бөліну: 1-топ . Құмырсқа тобы: Менің атым-құмырсқа Шаршамаймын жұмысқа Дән тасимын жаз бойы Демаламын мен қыста 2- топ Инелік тобы: Ұзын құйрық инелік	

	<p> Инелікке тимелік Вертолетті жасады Инеліктен үйреніп 3- топ Аралар тобы: Гүлден сорып, бал жинап Терлеп жанын қинайды Және өзіне жиганын Адамдарға сыйлайды Сергіту сәті Дос болайық көбелек Жайнап тұрған бақшамда Гүлдерімді тере кет Жаңбыр жаушы себелеп Тақияның астына Тығыла ғой көбелек Дид ойын: «Гүлге қонған аралар» Міндеті: Сұрақтар арқылы бала ойын дамыту. Сұрақ-жауап: Жәндіктер немен қоректенеді? Жәндіктер неге тез тығылып қалады? </p>	
<p> IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия </p>	<p> ҰІӘ қорытындылау. Балаларды бағалау </p>	

ҰІӘ тақырыбы:	Еңбек туралы мақал-мәтелдер	
Күні:	Дүйсенбі 22.04.2024	
ҰІӘ-нің мақсаты:	Тілдің қарқынын өзгерту біліктерін бекіту. Артикуляциялық аппаратты одан әрі жетілдіру	
Күтілетін нәтиже:	Еңбек туралы түсінеді. Еңбектену арқылы жеңіске жетуге болады деген ұғым қалыптасады.	
Сөздік жұмыс:	еңбек, шыңдайды	
Өткен ҰІӘ-нен алған білім	Сұрақ-жауап.	
ҰІӘ өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II. Ұйымдастыру 5 минут	Шаттық шеңбері: Сәнденіп даламыз, Сәулетті қаламыз, Сәулеңмен құлпырды, Сәлем, Күн –Анамыз Көңіл –күй туралы сұрақ-жауап.	Тақырыпқа байланысты көрнекіліктер
ҰІӘ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс 17 минут	Ой дамыту. Слайд арқылы әңгімелеу. Еңбек дегеніміз-адамның өмір сүруі үшін қажеті іс-әрекеттер. Еңбек түрлері көп: жазғы еңбек, күзгі еңбек, қысқы еңбек, көктемгі еңбек болып бөлінеді. Сұрақтар ілмегі Еңбек түрлерін білесіңдер ме? Еңбек ету адамға қажет деп ойлайсыңдар ма? Сергіту сәті: Қырға шықсаң өрлеп, Мұның аты-Еңбек Кесте тіксең зерлеп Мұның аты-Еңбек Сабағыңа жөндеп, Әзірленсең –Еңбек Гүл отырғызсаң терлеп, Мұның аты-Еңбек Қиындықтың бәрін, Еңбек қана жеңбек Дид ойын: «Еңбек құралдары» Міндеті: Еңбек құралдарын құрастыру. Сипаттама беру, не үшін керек, неге қолданады? Мақал-мәтелдер: -Еңбектің наны тәтті Жалқаудың жаны тәтті -Еңбек етсең-ерінбей	

	<p>Тояды қарның тіленбей -Еңбек ер атандырады. Дидактикалық ойын: «Кім не істейді?» Міндеті: балалардың ойлау, сөйлеу қабілеттерін арттыру.Еңбекті бағалауға үйрету. Шарты: Өздері таңдап алған суреттегі мамандық иесінің не істейтінін айту.</p>	
<p>IV. ҰІӨ-нің қорытындысы. Рефлексия 3-минут</p>	<p>Сұрақ-жауап Балалар біз не жайлы білдік? Еңбек түрлерін атап беріңдер? Еңбектенген адам мұратына жетеді. ҰІӨ қорытындылау. Балаларды мақтап, мадақтау.</p>	

Мамыр		
Міндеті	<i>Сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. меңгерген сөздерімен сөйлем құрауға жаттықтыруды жалғастыру. Педагогтің көрсеткен үлгісі бойынша шағын мәтін құрастыра білу дағдыларын жетілдіру, сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру.</i>	
ҰІӨ тақырыбы:	<i>Дос болайық бәріміз.</i>	
Күні:	<i>Дүйсенбі:06.05.2024</i>	
ҰІӨ-нің мақсаты:	<i>Балаларды топтағы балалармен , ауладағы балалармен дос болуға баулу, балалармен тілдік қарым- қатынас мәдениетін сақтауға үйрету.</i>	
Күтілетін нәтиже:	<i>Достық, қарым-қатынас туралы түсініктерді меңгереді. Суретке өз ойын жеке сөздер арқылы жеткізе алады.</i>	
Сөздік жұмыс:	<i>достасу, достық, бөлісу.</i>	
Өткен ҰІӨ-нен алған білім	<i>Сұрақ -жауап</i>	
ҰІӨ өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II. Ұйымдастыру 5 минут	<i>1.Шаттық шеңбер Ө. Тұрманжанов. Кел, баладлар, күлейік! Күлкіменен түлейік! Қабақ түйген не керек? Көңілді боп жүрейік! 2.Мнемотехника әдісі Жыл мезгілі</i>	<i>Тақырыпқа байланысты көрнекіліктер</i>
ҰІӨ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс 17 минут	<i>3.Тосын сәт. Қонаққа Буратино келеді. Балалармен амандасады. Үстел үстінде тұрған бірнеше ойыншықтарды көріп таңырқайды. - Балалар, мына үстел үстіндегі жатқан заттар не? - Ойыншықтарды жеуге бола ма? Балалардың жауаптары. Ой дамыту. Ойыншықтарды сипаттау. Ойыншықтар резеңкеден, ағаштан, пластмасса ойыншық түрлерін көрсетіп түсіндіру. 4. Балаларды екі орталыққа бөліу. 1-ші орталық машина, қуыршақ, кірпі, күшік, робот, автобус, құрылыс материал-дары, т.б. әртүрлі материалдан жасалған ойыншықтар дың ішінен өзіне ұнаған ойыншықтың біреуіне сипаттама жасайды. 2-ші орталық ойыншықтарға арнап үй құрастыруды.</i>	

	<p>5. Сергіту сәті: Біз ойыншықпен ойынаймыз, Қоян сияқты секіреміз. Аю сияқты қорбандап, Қу түлкідей жүгіріп, Қуыршақпен дос болып, Бір керіліп аламыз</p> <p>6. Ойын: « Орнында не жоқ?» Шарты: үстел үстіне 5 ойыншық қойылады. Балалардан көздерін жапқан кезде тәрбие-ші бір ойыншықты алып тастайды. Балалар қай ойыншық жоқ екенін айтады.</p> <p>7. Буратина балаларға рахмет айтып қоштасады.</p>	
<p>IV. ҰТӘ-нің қорытындысы. Рефлексия 3-минут</p>	<p>Бүгінгі жиыннан алағн әсерлерін, көңіл күйлерін, немен айналысқандарын сұрау. Балаларды мадақтау.</p>	

ҰІӨ тақырыбы:		Біз Отанның сарбазы
Күні:		Дүйсенбі 13.05.2024
ҰІӨ-нің мақсаты:	Отан қорғаушылар туралы түсінік беру, сөйлеу мәнерін сақтауға, сөздерді жіктелуіне қарай байланыстыруға үйрету, тақырыпқа сәйкес қысқа өлең жазтату.	
Күтілетін нәтиже:	Отан туралы оны қорғау жайында түсініктерді меңгереді. Педагогтың кһмегімен өз ойын айта алады.	
Сөздік жұмыс:	отан, туган жер, қорғаушы, батыр	
Өткен ҰІӨ-нен алған білім	Сқрақ- жауап	
ҰІӨ өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату II. Ұйымдастыру	I. Шаттық шеңбер E. Өтетілеуов Бақшамызға барғанда, Жолыққан бар жандарға Ертемен ақ пейілмен «Қайырлы таң!» деймін мен II. Қызығушылықты ояту. Өлең оқу. Отан-сенің ата –анаң, Отан-досың, бауырың Отан-өлкен, астанаң Отан-аудан, ауылың Өлең не туралы?	Тақырыпқа байланысты көрнекіліктер
ҰІӨ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс	Ой қозғау Отан деген не? Сенің Отаның қалай аталады? Отанды қорғау деген не? Қимылды ойын “Біз сарбазбыз” Шарты: Балар үш шеңберге жасап тұрады. Әр шеңбер өз тапсырмасын алады. Бірінші шеңбер: “Ұшқыштар” Екінші шеңбер: «Атты жауыңгерлер» Үшінші шеңбер: “Жаяу әскерлер” Ұшқыштар қолдарын екі жаққа жайып өз шеңберін де “Ұшқыштар ұшады” .Басқалары қарап тұрады. Музыка ойнағанда “Жаяу әскерлер” адымдайды, келесі музыкада “Атты жауыңгерлер” шабады, олар ат шабысын салады. Сұрақтар ілмегі	

	<p>Отан қорғау үшін қандай болуымыз керек? Ой дамыту Батырлық туралы мақал-мәтелдер -Батыр мың қол бастайды Шешен тар жерден сөз бастайды -Батыр тұса ел ырысы -Жаңбыр жауса жер ырысы Есейгенде ер болып Елді жаудан сақтаймын Мағынасын түсіндіру.</p>	
<p>IV. ҰТӨ-нің қорытындысы. Рефлексия</p>	<p>Қортынды. Алға бас, қарышта жас ұлан Қанатты талмайтын жас қыран Жастықтың жігері бойында Өзендей күші бар тасыған.</p>	

ҰІӘ тақырыбы:	«Жайдарлы жаз»	
Күні:	Дүйсенбі 20.05.2024	
ҰІӘ-нің мақсаты:	Балаларға жаз мезгілінің кереметтерін түсіндіру; Жаз мезгілі туралы сөздік қорын байыту; Жаз мезгілінде табиғатқа қамқор болуға болуға тәрбиелеу.	
Күтілетін нәтиже:	Жаз мезгілі туралы түсінеді. Сурет арқылы айта алады.	
Сөздік жұмыс:	жаз, жайдарлы, көңілді	
Өткен ҰІӘ-нен алған білім	Сұрақ-жауап.	
ҰІӘ өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату II. Ұйымдастыру	1.Шаттық шеңбері Амансың ба нұрлы күн! Амансың ба жер ана! Аман-есен болайық! Көңіл-күй туралы сұрақ-жауап.	Тақырыпқа байланысты көрнекіліктер
ҰІӘ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс	Ой қозғау. Мнемотехника арқылы сипаттама беру. -Жазда дала қандай болады? -Ауа райы қандай болады? -Жаз мезгілін не үшін жақсы көресіңдер? Жаз мезгілі туралы түсінік беру. 3.Ой дамыту Мнемокесте арқылы жаз туралы тақпақ оқу. Алақай, алақай, Қуанды балақай. Жадырап жаз келді. Ойнаймыз ,алақай. Дидактикалық ойын: «Жаз мезгілін көрсет» Суреттерден жаз мезгілін айырып алу 4. Сергіту сәті: Тербеледі ағаштар Алдымнан жел еседі Кіп - кішкене балақан Үп - үлкен боп өседі. Дид ойын: «Кім жылдам?» Қиынды суреттерден жаз мезгілін құрастырып, өз ойын айту.	

IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия	<i>Сұрақ- жауап</i> <i>Балаларды мадақтау</i>	
---	--	--

ҰІӨ тақырыбы:		Денсаулық - зор байлық.
Күні:		Дүйсенбі 27.05.2024
ҰІӨ-нің мақсаты:	денсаулыққа қажетті жағдайлар, денсаулықты сақтау туралы қарапайым түсініктер беру. Дүниетанымдарын, қимыл-қозғалыс шапшаңдықтарын дамыту.	
Күтілетін нәтиже:	Өз ойларын педагогтың көмегімен айта алады. Сұрақтарға жауап береді.	
Сөздік жұмыс:	денсаулық, тазалық	
Өткен ҰІӨ-нен алған білім	Сұрақ - жауап	
ҰІӨ өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату II. Ұйымдастыру	I. Шаттық шеңбері E. Өтетілеуов Бақшамызға барғанда, Жолыққан бар жандарға Ертемен ақ пейілмен «Қайырлы таң!» деймін мен II. Таңғажайып сәт. Жалқаубектің қонаққа келуі. Сұрақ- жауап. Жалқаубекке не болған? - Көңілсіз -Үсті лас -Сумкасын көтере алмай сүйреп жүр. Қандай көмек береміз?	Тақырыпқа байланысты көрнекіліктер
ҰІӨ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс	Балаларды топқа бөлу. 1-топ «ТАЗАЛЫҚ» Ойын: «Жаңылма» Бұл бала қай, қай бала? Қарашы үстіне, Бір кіршік түстіме көзіңе Тап-таза ақ қаздай Киімі мұнтаздай Жарайсың балақай Дейміз біз мадақтай Салыстыру	

	<p>-Анау бала, Бетін қара, Кір қожалақ, қап-қара Тырнағы өскен, Шашы көптен Алынбаспты –ау масқара Сұрақ –жауап Осындай бала болмас үшін не істеу керек? Дид ойын: «Тазалықтың достары» 2-топ. «ТАҒАМДАР» Ой дамыту. Суретпен жұмыс Пайдалы тағам түрлерімен таныстыру. АҚТ технологиясы Ойын «Жеміс-жидек теру және егу» 3.«ШЫНЫҒУ» Ой қозғау. Өлең жолдарын мәнерлеп оқу, сұрақ –жауап. Қ. Мырза Әли — Екі көзің не үшін керек? — Жақсыларды көру үшін! — Екі қолың не үшін керек? — Елге көмек беру үшін! — Құлақ деген не үшін керек? — Ақыл-кеңес тыңдау үшін! — Жүрек деген не үшін керек? — Жауларымнан қыңбау үшін! — Тіл мен жағың не үшін керек? — Ақиқатты айту үшін! — Ал аяғың?.. — Шетте жүрсем, Туған жерге қайту үшін! Осыларды сақтау үшін не керек? Балалардың жауабы: Тазалық, дәрумендер, шынығу, мейрімділік керек. Жалқаубек біздің балалардың денсаулықты сақтау туралы ойлары ұнады ма? Жалқаубек мен үйге тез барам да тап-таза болып жуынам, спортпен айналысам кеттім. Рақмет айту.</p>	
<p>IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия</p>	<p>Қортынды Денсаулық ол күлуің, Денсаулық ол жүруің, Ешбір жерің ауырмай. Бақытты өмір сүруің. Балаларды мадақтау</p>	

